

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және
құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ
И СМЕТАМ

**ҚҰРЫЛЫС РЕСУРСТАРЫНА
АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ
БАҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
ҮШІН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА
АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ
БАҒАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕГІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО РАСЧЕТУ СМЕТНЫХ ЦЕН
НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ
И СМЕТНЫХ ЦЕН НА ПЕРЕВОЗКИ
ГРУЗОВ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

ҚР ҚНБҚ 8.01-05-2022
НДЦС РК 8.01-05-2022

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және
құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ҚҰРЫЛЫС РЕСУРСТАРЫНА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО РАСЧЕТУ СМЕТНЫХ ЦЕН НА СТРОИТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ И СМЕТНЫХ ЦЕН НА ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

ҚР ҚНБҚ 8.01-05-2022
НДЦС РК 8.01-05-2022

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан 2022

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1 ӘЗІРЛЕГЕН | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ |
| 2 ҰСЫНҒАН | Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы |
| 3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 10.08.2022 жылғы № 162-НҚ бұйрығымен
16.08.2022 жылдан бастап |
| 4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ | «Құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағаларды есептеу» Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжаты 8.01-14-2019 |

Осы мемлекеттік нормативті сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|---|
| 1 РАЗРАБОТАН | АО «КазНИИСА» |
| 2 ПРЕДСТАВЛЕН | Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК) |
| 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 10.08.2022 года № 162-НҚ
с 16.08.2022 года |
| 4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН | Руководящий документ в строительстве Республики Казахстан 8.01-14-2019 «Расчет сметных цен на строительные ресурсы» |

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.

Мазмұны

1. Қолданылу саласы
2. Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына және жабдықтарына арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібі.....	4
2.1 Жалпы ережелер	4
2.2-бөлім Құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық номенклатурасын қалыптастыру	5
2.3-бөлім Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары бағаларының мониторингі	5
2.4 Құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық бағаларын есептеу	6
3.1 Жалпы ережелер	10
3.2 Сметалық тарифтік мөлшерлемелерді есептеу	11
3.3 Еңбек шығындарына арналған сметалық бағаларды есептеу	12
4. Құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібі.....	13
4.1 Құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға сметалық бағаларды есептеу жөніндегі жалпы ережелер	13
4.2 Машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар жинағының базалық номенклатурасын қалыптастыру	15
4.3 Машиналарды пайдалануға арналған шығындардың баптан кейінгі көрсеткіштерін есептеу	16
5. Құрылыс үшін жүктерді тасымалдау кезінде көлік шығыстарының шамасын есептеу тәртібі	27
5.1. Құрылыс үшін жүктерді тасымалдау кезінде көлік шығыстарының шамасын есептеу жөніндегі жалпы ережелер	27
5.2 Құрылыс материалдарын жеткізудің көлік схемалары.....	29
5.3 Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға сметалық бағаларды әзірлеу	30
6 Құрылыс үшін құрылыс ресурстары мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге сметалық бағалар жинақтарын қалыптастыру.....	34
6.1 Жалпы ережелер	34
А қосымшасы (міндетті)	37
Қазақстан Республикасы өңірлерінің тізбесі	37
Ә қосымшасы (міндетті)	42
Өңірлік коэффициентті есептеу	42
Б қосымшасы (міндетті)	43
Б.1 -кесте Құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарын, жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстарды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын, құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқару кезінде тікелей айналысатын жұмысшылардың разрядтары бойынша және құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстары мен жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстардың орташа разрядтары бойынша тарифтік коэффициенттер.....	43

Б.2 - кесте Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарымен тікелей айналысатын инженерлік буын мамандарының санаттары бойынша тарифтік коэффициенттер.....	43
В қосымшасы (міндетті).....	44
Мердігерлік ұйымның тікелей байланысты шығыстары.....	44
құрылыс процестерін орындаумен және қызмет көрсетумен	44
Г қосымшасы (міндетті)	47
Г.1 -кесте Қалпына келтіру құнынан пайызбен толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормалары.....	47
Г қосымшасы (міндетті)	55
Құрылыс машиналары мен автокөлік құралдары жұмысының жылдық режимінің көрсеткіштері	55
Д қосымшасы (міндетті).....	56
Машиналарды жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған жылдық шығындардың нормалары.....	56
Е қосымшасы (міндетті)	57
Тез тозатын бөліктердің нормативтік ресурсы (қызмет ету мерзімі)	57
Ж қосымшасы (міндетті).....	58
Температуралық аймақтар	58
К қосымшасы (міндетті).....	59
Құрылысқа арналған жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағаларды әзірлеуге арналған автокөлік құралдарының базалық номенклатурасы	59
Қ қосымшасы (міндетті).....	61
Үлгілік калькуляция № _____	61
Л қосымшасы (міндетті).....	63
Мүмкін көлік схемалары	63
М қосымшасы (міндетті).....	65
Тиеу-түсіру жұмыстарына сметалық бағаларды есептеуге арналған құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының базалық номенклатурасы....	65
Н қосымшасы (міндетті)	66
Материалдарды алу көздері, қашықтығы және жеткізу тәсілдері туралы жиынтық ведомость.....	66
Ң қосымшасы (міндетті)	67
Таза массадан брутто массаға өтпелі коэффициенттер	67
П қосымшасы (міндетті)	81
Тиеу-түсіру жұмыстарына жұмсалған еңбек шығындарының нормалары және машиналарды пайдалану уақыты.....	81
Р қосымшасы (міндетті)	84
Р.1 кесте - Жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасы	84
Р.2 кесте - Жүк сыныбы бойынша жүк көтергіштікті пайдалану коэффициенттері	84
Р.3 кесте - Жүк сыныбы бойынша жүк көтергіштікті пайдаланудың орташа коэффициенттері.....	84

С қосымшасы (міндетті).....	85
Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының кестелік бөлігінің нысандары	85
Т қосымшасы (міндетті)	88
Борттық автомобильдер (I) және стандартты тенттермен жабдықталған фургон - автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, жылжымалы құрамнан (II) алынбай түсірілетін (тиелетін) әмбебап контейнерлер үшін автокөлік құралдарының тиеуге және түсіруге арналған бос тұру уақытының нормасы	88
Өзі аударатын автомобильдер мен әртүрлі мақсаттағы автомобиль-цистерналар үшін тиеуге немесе түсіруге арналған уақыт нормасы	88
У қосымшасы (міндетті)	89
Құрылыстағы баға белгілеу және сметалар бойынша мемлекеттік нормативтік құжаттарға шифр беру қағидалары	89
Сметалық нормалар мен ресурстарға шифр беру қағидалары.....	90
Құрылыс материалына шифр құрудың мысалы	
Ресурстар шығысының элементтік сметалық нормасына шифр құрудың мысалы	
Ұ қосымшасы (міндетті)	92
Кесте Ұ.3 - Сметалық тарифтік мөлшерлемелері	92
Кесте Ұ.4 - Машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар...	92

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР
ҚҰРЫЛЫС РЕСУРСТАРЫНА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ
БАҒАЛАРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
METHODOLOGY GUIDELINES FOR THE CALCULATION OF ESTIMATE PRICES
FOR CONSTRUCTION RESOURCES AND ESTIMATE PRICES FOR THE
TRANSPORTATION OF GOODS FOR CONSTRUCTION

Енгізу күні 2022-08-16

Құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағалардың және құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалардың есебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1. Қолданылу саласы

1.1 Құрылыс үшін құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағалардың және жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалардың есебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және құрылыста баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйымның қолдануына арналған.

1.2 Осы Әдістемелік ұсынымдар:

- құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкциялары мен жабдықтарына;
- құрылыстағы еңбек шығындарына;
- құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға;
- құрылыс үшін жүктерді тасымалдау кезіндегі көлік шығындарының шамасына арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібін белгілейді.

1.3 Құрылыс үшін құрылыс ресурстарына арналған сметалық бағалар жаңа ғимараттар мен құрылыстарды салудың, бұрыннан барларын реконструкциялаудың, кеңейтудің, жаңғыртудың және күрделі жөндеудің, кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандырудың сметалық құнын айқындау кезінде қолданылады.

1.4 Басшылық құжатта келесі ұғымдар қолданылады:

1) автокөлік құралы – құрылыс алаңына құрылыс материалдарын, бұйымдарын, конструкциялары мен жабдықтарын жеткізу үшін, топырақ пен құрылыс қоқыстарын тасымалдау үшін, машиналарды орнын ауыстыру үшін пайдаланылатын технологиялық автокөлік (мысалы: автомобильдер, тіркемелер, жартылай тіркемелер);

2) ағымдағы сметалық бағалар – құрылыс ресурстарының есептік кезеңге арналған сметалық бағалары;

3) амортизациялық аударымдар – олардың тозуын өтеу үшін машиналар мен механизмдер құнының бір бөлігінің аударымдары;

4) баға мониторингі – құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына және жабдықтарына босату бағалары мен өнім берушілердің бағаларын арнайы ұйымдастырылған жүйелі тіркеу;

5) базалық кәсіпорын - өздері өндіретін немесе жеткізетін құрылыс материалдары мен жабдықтары бойынша баға мониторингі үшін репрезентативтік іріктелген материалдық ресурстарды беруші (өндіруші) кәсіпорын;

6) босату бағасы – құрылыс нарығының субъектілерінен прайс-парақ, коммерциялық ұсыныс түрінде не тікелей сұрау салу немесе өзге де жалпыға қолжетімді ақпарат

Ресми басылым

негізінде өзге де тәсілмен алынған ақпарат негізінде тіркелген баға;

7) біліктілік санаты (разряды) – орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;

8) бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысы – Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 23 қыркүйектегі №20 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 қыркүйекте № 24531 болып тіркелген) «Еңбек жөніндегі есеп» 1-Т статистикалық нысаны бойынша есептелген жалақы қорының сомасын жұмыскерлердің нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы айқындалған бір жұмыскердің жалақы мөлшері;

9) еңбекке ақы төлеу – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерге еңбегі үшін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

10) еңбек қатынастары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

11) есеп айырысу кезеңі (тоқсан, жыл) – кезекті кезеңге (тоқсан, жыл) құрылыс ресурстары мен жүктерді тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің сметалық бағаларын есептеу жүргізілетін кезең;

12) жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбегі үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

13) құрылыс ресурстары – жұмысшылар мен машинистердің еңбек шығындары, құрылыс машиналары мен механизмдерді пайдалану уақыты, құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялар, жабдықтар;

14) құрылыс ресурстарының сыныптауышы – құрылыста пайдаланылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялардың, инженерлік және технологиялық жабдықтардың, құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының атаулары мен кодтарының жүйелендірілген жиынтығын білдіретін ресми құжат;

15) құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым (бұдан әрі – Мамандандырылған ұйым) – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган ведомствосының қарамағындағы заңды тұлға;

16) механикаландырылған процестерді орындауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйым – машиналар мен механизмдерді тікелей пайдалануды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлға, дара кәсіпкер;

17) машиналар – құрылыс машиналары, автокөлік құралдары, механикаландырылған құрал;

18) машиналардың үлгі өлшемдік тобы – негізгі техникалық сипаттамасы (параметрі) бойынша бір топқа біріктірілетін, осы мақсаттағы әртүрлі модельдер (маркалар) машиналарының жиынтығы;

19) машинаның пайдалы қызмет етуінің нормативтік мерзімі – машинаның қызмет етуінің нормативтік мерзіміне сәйкес келетін оның функционалдық мақсаты бойынша пайдалану кезеңі;

20) машинаның жылдық жұмыс режимі – машинаның нормативтік қызмет ету мерзімі ішінде машина сағатымен өлшенетін, бір жылдағы орташа жұмыс уақыты;

21) механизм – қозғалтқышы жоқ еңбек құралы (мысалы: қол шығыры, таль, төсенімдер, мүкәммалдық құрылыс сатылары, көп рет пайдаланылатын мүкәммалдық қалып, қол домкраттары);

22) механикаландырылған құрал – сыртқы энергия көзінен жұмыс істейтін қозғалтқыштармен жабдықталған және құрылысшы жұмысшы өндірістік операцияларды орындау кезінде пайдаланатын құрал;

23) қайта орналастыру – машинаны монтаждау (қажет болған кезде) және машинаны бөлшектеу және тиеу-түсіру операцияларын орындау шығындарын қоса алғанда, машинаны механикаландыру базасынан құрылыс алаңына (немесе бір құрылыс алаңынан басқа құрылыс алаңына) және кері қарай ауыстыру;

24) өндірушінің (өнім берушінің) бағасы – сауда жеңілдігін (бар болса) шегере отырып, құрылыс нарығының субъектілерінен прайс-парақ, коммерциялық ұсыныс түрінде не тікелей сұрау салу негізінде немесе жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінен өзге тәсілмен алынған ақпарат негізінде тіркелген баға;

25) өңірлік коэффициент – нақты өңірдің ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының ең төмен күнкөріс деңгейінің республикалық орташа мәніне арақатынасы;

26) өтемақы төлемдері – жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айрылуына, жұмыскерлерге еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шығындарды өтеуге байланысты ақшалай төлемдер, сондай-ақ жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге де адамдарды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға байланысты төлемдер;

27) ресми статистикалық ақпарат – статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын статистикалық ақпарат;

28) сметалық баға – қабылданған өлшем бірлігіне есептеу жолымен белгіленген, құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының, жабдықтарының, машиналар мен механизмдерді пайдаланудың, сондай-ақ құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құны туралы аумақтық бөліністе біріктірілген жиынтық ақпарат;

29) тарифтік жүйе – еңбекке ақы төлеу жүйесінің бір түрі, онда жұмыскерлердің жалақысы тарифтік мөлшерлемелер (айлықақылар) және тарифтік кестелер негізінде сараланып айқындалады;

30) тарифтік кесте – орындалатын жұмыстардың күрделілік және жұмыскерлердің біліктілік белгісі бойынша саралауды көздейтін тарифтік разрядтар мен тарифтік коэффициенттер жиынтығы;

31) тарифтік коэффициент – тиісті тарифтік-біліктілік разрядының тарифтік мөлшерлемесінің бірінші тарифтік-біліктілік разрядының тарифтік мөлшерлемесіне арақатынасы;

32) тарифтік мөлшерлеме (айлықақы) – жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері;

33) тарифтік разряд – жұмыстың күрделілік деңгейі және осы жұмысты орындау үшін қажетті біліктілік деңгейінің көрсеткіші;

34) технологиялық үзілістер – өндіріс пен еңбекті дұрыс ұйымдастыру жағдайларында орындалатын өндірістік процестің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған нормаланатын уақыт шығындары;

35) Сметалық пайда - құрылыстың сметалық құнының нормативтік бөлігі болып табылатын, мердігер ұйымды дамытуға, оның жұмыскерлерін қосымша материалдық ынталандыруға, міндетті салықтар мен төлемдерді төлеуді қоса алғанда, жұмыстардың өзіндік құнына жатқызылмайтын шығыстарды жабуға арналған қаражат сомасы. Сметалық пайда нормативі құрылыстағы жұмыстардың түрлеріне байланысты қолданылады және пайызбен көрсетіледі;

36) сметалық номенклатура – құрылыс ресурстарына сметалық бағалар жинақтарын қалыптастыруға арналған құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының және жабдықтарының номенклатурасы;

37) материалдық ресурстар – құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары;

38) жабдық – ғимараттар (құрылыстар) объектілерінің технологиялық және инженерлік жабдығы;

39) үйлердің (ғимараттардың) инженерлік жабдықтары – адамдардың тұруына (тұрмысына), еңбек қызметіне (болуына) қолайлы жағдай жасайтын, материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен өндірістік процестерді инженерлік қамтамасыз ететін инженерлік жүйелер мен техникалық құрылғылар кешені. Ғимараттардың (құрылыстардың) инженерлік жабдықтары сумен жабдықтау (суық және ыстық), кәріз, жылыту, желдету, ауаны баптау, газбен жабдықтау құрылғыларын, электр жабдықтары, көтергіш-көлік құрылғыларын (лифттер, эскалаторлар, траволаторлар және басқа да жабдықтар), қоқысты шығару, шаң жинау, өрт сөндіру, сигнал беру, телефон, радиофикация құралдарын және ішкі абаттандырудың басқа да түрлерін қамтиды

40) технологиялық жабдық – технологиялық жабдық – нәтижесінде энергия өндірілетін, жартылай фабрикат, дайын өнім өндірілетін немесе олардың орын ауыстыруы қамтамасыз етілетін әртүрлі технологиялық процестерді орындайтын технологиялық желілер, станоктар, қондырғылар, аппараттар, машиналар, механизмдер, аспаптар және басқа да құрылғылар, сондай-ақ технологиялық процестерді басқаруды автоматтандыруды қамтамасыз ететін, оларға ілеспе процестер, байланыс және бақылау функциялары; технологиялық процесті жүргізуді және технологиялық жабдықтың жұмысын қамтамасыз ететін санитариялық-техникалық жабдық; негізгі жабдықпен жиынтықта жеткізілетін орамалы құбыржолдар, құбыр арматурасы, металл конструкциялары, пайдаланылатын өндірістік мақсаттағы кәсіпорындардың көлік шаруашылығының жылжымалы құрамына жататын көлік құралдары (жүктерді темір жолдар арқылы тасымалдауға арналған жылжымалы құрам, автомобиль көлік құралдары және өзге де көлік құралдары); жабдыққа қосалқы бөлшектер;

41) монтаждауды талап ететін жабдық – оның жекелеген бөліктерін жинап, іргетастарға немесе тіректерге орнатқаннан кейін ғана қолданысқа енгізілетін жабдық;

42) монтаждауды талап етпейтін жабдық – оны іске қосу үшін тіректерге немесе іргетастарға орнатуды талап етпейтін жабдық (оның ішінде құрастыруды қажет ететін) (мысалы: бос тұрған станоктар, баспақтар, қозғалтқыштар, медициналық жабдықтар, аспаптар).

2. Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына және жабдықтарына арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібі

2.1 Жалпы ережелер

Құрылыс материалдарының, бұйымдардың, конструкциялардың және жабдықтардың сметалық бағалары құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнын айқындау үшін қолданылады. Құрылыс материалдарына, бұйымдарына, конструкцияларына және жабдықтарына арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібі мынадай кезеңдерден тұрады:

құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық номенклатурасын қалыптастыру.

құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары бағаларының мониторингі.

құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық бағаларын есептеу.

құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық бағасының жинағын қалыптастыру.

2.2-бөлім Құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық номенклатурасын қалыптастыру

2.2.1 Құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының (бұдан әрі – материалдық ресурстар) және жабдықтардың сметалық номенклатурасы Құрылыс ресурстарының сыныптауышына (бұдан әрі - Сыныптауыш) сәйкес қалыптастырылады және өзектендіріледі.

2.2.2 Сметалық-нормативтік базаға және Ағымдағы деңгейде Материалдық ресурстар мен жабдықтарға сметалық бағалар сыныптауышы мен жинағында жоқ Материалдық ресурстар мен жабдықтарға сметалық бағалар сыныптауышына енгізу мынадай әдістермен жүргізіледі:

мамандандырылған ұйым өндірушілерге (өнім берушілерге) баға және техникалық ақпарат беру туралы сұрау салумен жүгінеді;

өндіруші (өнім беруші) мамандандырылған ұйымға баға және техникалық ақпараты бар материалдық ресурстарды, жабдықтарды енгізу туралы сұрау салуды (техникалық сипаттамалары егжей-тегжейлі сипатталған каталогтар, сәйкестік сертификаттары, сынақ хаттамалары) жібереді;

мамандандырылған ұйым құрылыс материалдарын жеткізушілерден сұхбат алуды жүргізеді;

2.2.3 Сметалық-нормативтік базадан материалдық ресурстарды (жабдықтарды) алып тастау үшін өнім беруші не мамандандырылған ұйым сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға себептерін негіздей отырып сұрау салу жібереді.

2.3-бөлім Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары бағаларының мониторингі

2.3.1 Құрылыс материалдары, бұйымдары, конструкциялары мен жабдықтары бағаларының мониторингі құрылыстағы сметалық-нормативтік базаны материалдық ресурстар мен жабдыққа ағымдағы сметалық бағалармен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2.3.2 Материалдық ресурстар мен жабдықтар бойынша баға мониторингі тоқсан сайын жүргізіледі.

2.3.3 Материалдық ресурстар мен жабдықтар бойынша баға мониторингін ұйымдастыру және жүргізу мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

1) ақпараты бойынша материалдық ресурстар мен жабдықтардың бағаларына байқау жүргізілетін базалық кәсіпорындар тізбесін қалыптастыру және өзектендіру;

2) Қазақстан Республикасының өңірлері мен аумақтық аймақтары бойынша материалдық ресурстар мен жабдықтардың бағасы туралы ақпаратты жинау және өңдеу. Өңірлер мен аумақтық аймақтардың тізбесі А қосымшасында берілген.

2.3.4 Құрылыстағы материалдық ресурстар мен жабдықтар бағаларының мониторингі үшін базалық кәсіпорындар тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізу үшін кәсіпорындарды іріктеу мынадай қағидаттарды пайдалана отырып жүргізіледі:

1) ауқымдылығы - тізбеге меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан өндіруші кәсіпорындар (өнім берушілер) енгізіледі;

2) типтілік - Құрылыс ресурстарының сыныптауышына сәйкес құрылыста пайдаланылатын өндірілетін және тұтынылатын материалдық ресурстар мен жабдықтардың типтік (негізгі) номенклатурасы бар өндіруші кәсіпорындар (өнім берушілер);

3) анықтық - өнім беруші кәсіпорындардың (өндірушілер) құрылыс нарығына жеткізілетін (өндірілетін) материалдық ресурстардың, жабдықтардың бағасы мен техникалық сипаттамалары туралы дұрыс ақпарат беруге әзірлігі.

4) өндіруші кәсіпорындар (өнім берушілер) жеткізетін (өндіретін) материалдық ресурстар мен жабдықтар өнімнің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын ілеспе

құжаттамамен (сәйкестік сертификаты, сәйкестік туралы декларация, техникалық немесе нормативтік құжаттама) қамтамасыз етіледі.

2.3.5. Баға ақпаратын жинау және оны кейіннен өңдеу үшін ыңғайлы түрге келтіру өндіруші кәсіпорындар (өнім берушілер) бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынатын немесе жариялайтын материалдық ресурстар мен жабдықтардың бағалары туралы прайс-парақтар мен басқа да қолжетімді ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

Өндірушілердің (өнім берушілердің) бағасы теңгемен көрсетілуі тиіс. Шетелдік өндірушілердің баға ақпараты шетел валютасында пайдаланылған жағдайда баға Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының баға ақпаратын алған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетел валюталарына ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

2.3.6. Баға ақпаратын өңдеу кіріс ақпаратында бақыланатын оқиғаның белгілерін анықтау және нәтижелерді бұрмалайтын кездейсоқ деректерді есептен шығару мақсатында жүргізіледі.

2.3.7. Нәтижелерді бұрмалайтын кездейсоқ деректерді есептен шығару үшін өндірушілер (өнім берушілер) бағасының орташа арифметикалық ішінара жиынтықтан орташа квадраттық ауытқуы мына (2.3.1) формула бойынша есептеледі:

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (\sigma_i - \sigma_{op.})^2}{n}} \quad (2.3.1)$$

мұндағы:

σ – өндірушілер (өнім берушілер) бағасының орташа квадраттық ауытқуы;

σ_i – есеп айырысу кезеңі ішінде i -ші өндірушінің (өнім берушінің) материалдық ресурсының (жабдығының) бағасы;

$\sigma_{op.}$ – материалдық ресурсты (жабдықты) өндірушілер (өнім берушілер) бағасының орташа арифметикалық мәні;

n – материалдық ресурсқа (жабдыққа) баға ұсынған өндірушілер (өнім берушілер) саны.

Материалдық ресурстар (жабдықтар) бойынша орташа арифметикалық іріктемелі жиынтықтан екі еселенген орташа квадраттық ауытқуға ($\pm 2\sigma$) ауытқумен баға көрсеткіштері қате деректер болып табылады және орташа босату бағалары есебінен алып тасталады.

Бастапқы деректерде кездейсоқ мәндерді алып тастағаннан кейін материалдық ресурсты (жабдықты) өндірушілер (жеткізушілер) бағасының орташа арифметикалық мәнін есептеу қайта орындалады.

2.4 Құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкциялары мен жабдықтарының сметалық бағаларын есептеу

2.4.1 Құрылысқа арналған құрылыс материалдары мен жабдықтарына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар құрылыс алаңының франко-объект маңындағы қоймасы айқындалады және белгіленген өлшем бірлігіне құнның мынадай элементтері кіреді:

1) материалдық ресурстардың, қосалқы бөлшектердің (жабдық үшін), ыдыстың, орамның және деректеменің құнын ескере отырып, жабдықтың құнын қамтитын орташа босату бағасы;

2) көлік шығыстары;

3) дайындау-қойма шығыстары;

4) кедендік баждар мен салықтар (қажет болған жағдайда).

2.4.2 Құрылыстың сметалық құнын айқындау кезінде объект маңындағы қойма ретінде құрылысты ұйымдастыру жобасында көзделген мыналар қабылданады:

- ашық сақталатын материалдар үшін – оларды объект (ғимарат, құрылыс) құрылысы аумағында орналастыру үшін пайдаланылатын алаң;

- қалған материалдар үшін – осы объект (ғимарат, құрылыс) үшін оларды сақтау қоймасы (қаттастыра жинау орны).

2.4.3 Материалдық ресурстардың (жабдықтардың) сметалық бағаларын есептеу мынадай негізгі кезеңдерден тұрады:

1) орташа босату бағасын есептеу (Борт.);

2) тасымалдау шығындарын және дайындау – қойма шығыстарын ескере отырып, сметалық бағаның есебі.

2.4.4 Кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылға, тоқсанға) арналған материалдық ресурстар (жабдықтар) сметалық бағаларды есептеу мына (2.4.1) формула бойынша жүргізіледі:

$$B_{\text{см}} = (B_{\text{орт}} + Ш_{\text{к}}) \times K_{\text{дк}}, \quad (2.4.1)$$

мұндағы:

$B_{\text{см}}$ – сметалық баға;

$B_{\text{орт}}$ – орташа босату бағасы;

$Ш_{\text{к}}$ – кезекті есеп айырысу кезеңіне материалдық ресурсты (жабдықты) тасымалдау бойынша көлік шығыстары;

$K_{\text{дк}}$ – дайындау-қойма шығыстарын ескеретін коэффициент.

2.4.5 Кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылына) есептік орташа босату бағасы (Борт.) келесі (2.4.2) формула бойынша орташа АЕК индексін ескере отырып арифметикалық шама ретінде айқындалады

$$B_{\text{орт}} = \frac{\sum_{i=1}^n B_{\theta i}}{n} \times K_{\text{ж}} \quad (2.4.2)$$

мұндағы:

$B_{\text{орт.}}$ – кезекті есеп айырысу кезеңіне (жылға) орташа босату бағасы (орташа арифметикалық);

$B_{\theta i}$ – есеп айырысу кезеңі ішінде i -ші өндірушінің (өнім берушінің) бағасы;

n – материалдық ресурсқа (жабдыққа) баға ұсынған өндірушілердің (өнім берушілердің) саны;

$K_{\text{ж}}$ - құрылыс материалдарының, бұйымдарының, конструкцияларының және инженерлік жабдықтардың номенклатурасына (бұдан әрі – Номенклатура) сәйкес материалдық ресурстар (жабдықтар) тобы үшін жеңілдіктің коэффициенті;

2.4.6 Өңір аумағында өндірісі жоқ бетон бұйымдары, құрама темірбетон бұйымдары мен конструкциялары, болат конструкциялары бойынша орташа босату бағасы оларды дайындаушы зауыттан жүк тасымалдары үшін ашық осы өңірдегі теміржол станциясына жеткізуді ескере отырып, ұтымды логистикаға (межелі франко-вагон станциясы) сүйене отырып есептеледі.

2.4.7 Материалдық ресурстарға (жабдыққа) есеп айырысу кезеңінің орташа босату бағалары өңірлер (аумақтық аймақтар) бөлінісінде жеңілдіктің коэффициентін қолдана отырып, мониторингке қатысатын өндірушілердің (өнім берушілердің) салыстырмалы бағаларын орташаландырумен айқындалады.

2.4.8 Көлік шығыстары құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағаларды қолдана отырып, өнім берушінің қоймасынан объект маңындағы қоймаға дейінгі орташа қашықтыққа жеткізу құнын есептеу арқылы материалдық ресурстарға, жабдыққа арналған сметалық бағаларға енгізіледі.

Кенді емес материалдар үшін тасымалдаудың орташа қашықтығы ұтымды логистикаға сүйене отырып, олардың әкімшілік-аумақтық тиесілігіне қарамастан, қалыптасқан көлік схемалары бойынша, өңір (аумақтық аймақ) орталығына жақын карьерлерден облыс орталығына, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларына дейін айқындалады.

2.4.9 дайындау-қойма шығыстары 2.4.1-кесте бойынша Франко-объект маңындағы қойманың материалдық ресурстары мен жабдықтарының құнынан пайызбен қабылданады

2.4.1-кесте- Материалдық ресурстардың түрлері бойынша дайындау-қойма шығыстарының нормалары

Материалдар топтарының атауы	материалдар сыныптаушы бойынша шифрі	құнынан %-ы
1	2	3
1 Кенсіз материалдар (шағыл тас, құм, қиыршық тас қоспалары)	211201-211206, 211301-211302, 211401-211402, 211501, 211601-211603, 212601	2,98
2 Цемент және құрғақ қоспалар (желімді, сылақты, тегістейтін, оқшаулағыш және т. б.)	216101, 216102, 216103, 231401, 232501-232504, 233401, 234502, 234601, 234701, 235301-235303, 236103	2,01
3 Қоспалар мен ерітінділер (бетон, ерітінді, асфальтбетон)	212101, 212102, 212401, 212402, 212501-212503	1,6
4 Металл илегі, металл конструкциялар мен бұйымдар	214101-214108, 214201-214215, 214301, 214302, 214401-214404, 222501-222529, 224101-224104, 241101-241121, 241401-241415, 241501-241518, 241601-241609	0,45
5 Тақта және табақ материалдары (қаптау тақтайшалары, СТТ, СЖТ табактары, гипсокартон, шыны, ламинат және т. б.)	213306-213309, 215301-215305, 217401, 217402, 217501-217505, 222528, 224201-224203, 231201-231204, 231301, 231302, 232101, 232102, 232201, 232202, 232401, 233201-233204, 234101-234104, 255101, 255102, 255201-255203	2,62
6 Даналы материалдар (тастар, кірпіштер, бетон және жеңіл бетон блоктар)	211701, 213101-213103, 213201, 213301-213305	3,13
7 Битум, битум эмульсиялары	216201, 235201	3,49
8 Өзге де материалдар, бұйымдар мен конструкциялар		1,2
9 Жабдықтар	51	0,72

2.4.10 Өртүрлі сауда маркаларының инженерлік жабдығын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сапа өлшемдері мен көрсеткіштерін регламенттейтін стандарттау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат болмаған кезде мұндағы инженерлік жабдықтың атауы сауда маркалары мен брендтеріне «тип» сілтемесімен келтіріледі.

2.4.11 Жекелеген материалдық ресурстарға баға ақпараты болмаған кезде босату бағаларын қалыптастыру индекстік әдіспен, сондай-ақ біртекті топқа кіретін материалдық ресурстардың (жабдықтардың) сметалық бағалары негізінде жүзеге асырылады.

2.4.12 Ағымдағы тоқсандағы материалдар, бұйымдар мен конструкцияларға, инженерлік жабдықтарға бағалардың өзгеру индексі ескере отырып, босату бағасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$B_{\text{бос } n} = B_{\text{бос } n-1} \times \left(1 + \frac{I_m}{100}\right), \quad (6.1.1)$$

мұнда:

$B_{\text{бос } n}$ – ағымдағы тоқсанға арналған материалдарды босату бағасы;

$B_{\text{бос } n-1}$ – алдыңғы тоқсанға арналған материалдарды босату бағасы;

I_m – тоқсан үшін босату бағасының өзгеру индексі;

2.4.13 Орташа сату бағасын ($B_{\text{орт}}$) есептеу есептік-талдамалық әдістермен (мысалы, есептеу) жүзеге асырылуы мүмкін.

2.4.14 2.4.15 және 2.4.16-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, материалдық ресурстар мен жабдыққа сметалық бағаларды есептеу Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша орындалады.

2.4.15 Қазақстан Республикасының барлық өңірлері үшін бірыңғай материалдық ресурстарға (жабдыққа) арналған сметалық бағалар есептеледі:

металл илек және металдан жасалған бұйымдар;

жалпы құрылыс жұмыстарына арналған жалпы мақсаттағы материалдар мен бұйымдар;

металл конструкциялар;

ойықтарды толтыруға арналған конструкциялар мен бұйымдар,

шатыр жабындары мен жабындылардың конструкциялары мен бұйымдары,

қасбеттерді қаптауға арналған материалдар мен бұйымдар,

ішкі безендіруге арналған материалдар мен бұйымдар,

еден жабындарына арналған материалдар мен бұйымдар,

жылу оқшаулағыш, гидрооқшаулағыш материалдар мен бұйымдар,

лак-бояу материалдары,

инженерлік жүйелерге арналған материалдар мен бұйымдар (болат құбырлар мен фитингтер; полимерлік және ілеспе материалдар; шыны талшықпен арматураланған шыны пластик және пластикалық құбырлар мен фитингтер; қапталған құбырлар мен фитингтер; шойын құбырлар мен фитингтер; түсті металдардан жасалған құбырлар мен фитингтер; құбырлар, құбыр тораптары, бекіткіштер; хризотил цемент құбырлары; паронитті төсемдер; манжеттер; қорғаныш манжеттерінің жабындысы; құбыр арматурасы, құбыр өткізгіштер, сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау жүйелеріне арналған материалдар мен бұйымдар),

желдету және ауа баптау жүйелеріне арналған материалдар мен бұйымдар;

электрмен жабдықтауға және электр жарығына арналған материалдар, бұйымдар және конструкциялар;

әлсіз ток жүйелерінің материалдары мен бұйымдары;

автомобиль және темір жолдар, метрополитендер мен тоннельдерге арналған материалдар мен бұйымдар;

жол жүрісін ұйымдастыру құралдары;

жол белгілері, жол белгілеріне тіреулер;

жол белгісі, тактильді-визуалды белгілеу материалдары;

автомобиль жолдарына арналған материалдар;

электр беру желілерінің, электр көлігінің байланыс желілерінің, байланыс құрылыстарының материалдары мен бұйымдары;

жару және тау-кен қазу жұмыстарына арналған материалдар мен бұйымдар;

аумақты абаттандыруға және көгалдандыруға арналған материалдар мен бұйымдар;

балалар мен спорт алаңдарына арналған материалдар мен бұйымдар.

2.4.16 Өңір ішіндегі аумақтық аймақтарға бөлуді ескере отырып, материалдық ресурстарға сметалық бағаларды есептеу мыналар бойынша орындалады:

кенсіз құрылыс материалдары және тау-кен өнеркәсібі өнімдері,

қолдануға дайын бетондар, ерітінділер,

асфальтбетонды қоспалар,

ұсақ даналы бұйымдар,

құрама темірбетон конструкциялар және іргетастарға арналған бұйымдар,

құрама темірбетон конструкциялар және қабырғаларға, бағандарға, ригельдерге арналған бұйымдар,

құрама темірбетон конструкциялар және жабындардың, аражабындардың бұйымдары,

құрама темірбетон конструкциялар және сатылардың, балкондардың, лоджиялардың бұйымдары,

бетон және темірбетон конструкциялар және сумен жабдықтау мен кәрізге арналған бұйымдар,

бетон және темірбетон конструкциялар мен коммуникацияларды төсеуге арналған бұйымдар,

темірбетон конструкциялар және көпірлерге арналған бұйымдар,

темір-бетон конструкциялары мен темір жолдарға арналған бұйымдар., метрополитендер мен тоннельдер;

бетон төсеуге арналған материалдар мен бұйымдар.

3 Құрылыстағы еңбек шығындарына сметалық бағаларды есептеу тәртібі

3.1 Жалпы ережелер

3.3.1 Құрылыста қолданылатын еңбекке ақы төлеу жүйесінің негізі қызметкерлердің өздері орындайтын жұмыстардың күрделілігі бойынша біліктілігі мен еңбегіне ақы төлеудің сәйкестігін қамтамасыз ететін тарифтік жүйе болып табылады

3.1.2 Тарифтік жүйемен біліктілік санаттары (разрядтары) бойынша тарифтік мөлшерлемелер және тарифтік коэффициенттер белгіленеді.

Құрылыста орындалатын жұмыстарды қызметкерлердің күрделілігі мен біліктілігі белгісі бойынша саралау сегіз разрядты тарифтік кесте бойынша жүзеге асырылады.

3.1.3 Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен белгілі бір жұмыс түрлерінің күрделілігі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгіленеді.

3.1.4 Еңбек (уақыт, өндірім, еңбекті қажетсінуі, қызмет көрсету, саны) нормалары еңбек шығындарының өлшемі болып табылады және тиісті біліктілігі бар қызметкер үшін техниканың, технологияның, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейіне сәйкес белгіленеді.

3.1.5 Еңбекке ақы төлеу жүйесі еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалады

3.1.6 Құрылыстағы еңбек шығындарына арналған сметалық бағалар және сметалық тарифтік мөлшерлемелер сметалық нормативтерді (құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдаланудың сметалық бағаларын, құрылыс үшін жүктерді тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге сметалық бағаларды, құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарына, жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстарға, іске қосу-жөндеу жұмыстарына және басқаларға арналған бірыңғай сметалық бағаларды) әзірлеуге, сондай-ақ сметалық құжаттаманы жасауға арналған.

3.1.7 Құрылыстағы еңбек шығындары мен сметалық тарифтік мөлшерлемелердің сметалық бағалары есептік шамалар болып табылады.

3.1.8 Құрылыстағы еңбек шығындарының сметалық бағалары мен сметалық тарифтік мөлшерлемелері ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің салалық коэффициенттерді ескере отырып, ұжымдық шарттарда немесе жұмыс берушінің актілерінде белгіленген еңбегіне ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшерін ескереді.

Ерекше жағдайларда неғұрлым күрделі арнайы жұмыстардың жекелеген түрлері үшін сметалық тарифтік мөлшерлемелерге арттыру коэффициенттерін қолдануға жол беріледі.

3.1.9 Еңбек шығындары мен сметалық тарифтік мөлшерлемелердің сметалық бағаларының сандық көрсеткіштері тұтас теңгеге дейінгі дәлдікпен есептеледі.

3.2 Сметалық тарифтік мөлшерлемелерді есептеу

3.2.1 Сметалық тарифтік мөлшерлемелер уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін құрылыстағы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражаттың есептік мөлшерін білдіреді.

3.2.2 Сметалық тарифтік мөлшерлеме құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарының және жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстардың орташа сағаттық тарифтік мөлшерлемесіне немесе жеке орындаушының тиісті разрядының (санатының) сағаттық тарифтік мөлшерлемесіне (мысалы, іске қосу-жөндеу жұмыстарын орындау үшін) сәйкес келеді.

3.2.3 Сметалық тарифтік мөлшерлеме «құрылыс» экономикалық қызмет түрі бойынша қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы туралы ресми статистикалық ақпарат негізінде айқындалады.

3.2.4 Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін есепке алу мақсатында сметалық тарифтік мөлшерлемелерді есептеу кезінде өңірлік коэффициент қолданылады.

Өңірлік коэффициенттерді есептеу соңғы күнтізбелік он екі айдағы орташа жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейі туралы ресми статистикалық ақпарат негізінде жүргізіледі. Өңірлік коэффициенттің ($K_{\text{өң}}$) есебі осы Басшылық құжатқа Ә-қосымшада келтірілген.

3.2.5 I-разрядқа арналған өңірлік сметалық тарифтік мөлшерлемелер ($TM_{\text{өң},i}$) мынадай формула бойынша есептеледі::

$$TM_{\text{өң},i} = TM_{\text{өң,баз}} \times TK_i, \quad (3.2.1)$$

мұндағы:

$TM_{\text{өң,баз}}$ – өңірлік базалық сметалық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ;

TK_i – тарифтік коэффициент.

3.2.6 Өңірлік базалық сметалық тарифтік мөлшерлеме:

жұмысшылар мен машинистер үшін – бірінші разрядты жұмысшының ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлеме,

инженерлік буын үшін – үшінші санаттағы техниктің ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлеме.

3.2.7 Құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарын, жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстарды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын, құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқару кезінде тікелей жұмыс істейтін жұмысшылардың разрядтары бойынша және құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарының, сондай-ақ жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстардың орташа разрядтары бойынша тарифтік коэффициенттердің мәндері осы Басшылық құжатқа Б-қосымшада келтірілген.

3.2.8 Нақты өңір үшін бірінші разрядты жұмысшының ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлеме ($TM_{\text{өң.1р}}$) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TM_{\text{өң.1р}} = \frac{TM_{\text{стат}} \times I_6 \times K_{\text{өң}}}{TK_{4p}}, \quad (3.2.2)$$

мұндағы:

$TM_{\text{стат}}$ – орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ;

I_6 – болжамды индекс – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес инфляцияның ең барынша мәні;

1,54 – жұмыстардың орташа разряды 1 болған кезде орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлемеден орташа сағаттық мөлшерлемеге көшу коэффициенті, 3,4-разрядтың тарифтік коэффициентіне тең;

$K_{\text{өң}}$ – өңірлік коэффициент

3.2.9 Тікелей монтаждау жұмыстарымен айналысатын үшінші санаттағы техниктің ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлеме ($TM_{\text{өң. техника 3 кат}}$) нақты өңір үшін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$TM_{\text{өң.3 сан.техник}} = \frac{TM_{\text{стат}} \times I_6 \times K_{\text{өң}}}{TK_{2 \text{ сан.техник}}}, \quad (3.2.3)$$

мұндағы:

$TM_{\text{стат}}$ – орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ;

I_6 – болжамды индекс – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес инфляцияның ең барынша мәні;

1,104 – орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлемеден үшінші санаттағы техниктің сағаттық мөлшерлемесіне өту коэффициенті екінші санаттағы техниктің тарифтік коэффициентінің мәніне тең;

$K_{\text{өң}}$ – өңірлік коэффициент.

3.2.10 Орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлеме ($TM_{\text{стат}}$) мынадай формула бойынша есептеледі::

$$TM_{\text{стат}} = \frac{ОЖА_{\text{құр}}}{T}, \quad (3.2.4)$$

мұндағы:

$ОЖА_{\text{құр}}$ – соңғы он екі айдағы ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша «құрылыс» экономикалық қызмет түрі бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының орташа мәні, теңге;

T – Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес тиісті жылға арналған екі демалыс күні бар 40 сағаттық жұмыс аптасы кезіндегі орташа айлық жұмыс уақыты, сағат.

3.3 Еңбек шығындарына арналған сметалық бағаларды есептеу

3.3.1. Құрылыстағы еңбек шығындарына арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар сметалық тарифтік мөлшерлемені, құрылыстағы қызметкерлерге қызмет көрсетуге байланысты мердігерлік ұйымдардың үстеме шығыстарын және нормативтік сметалық пайданың бір бөлігін қамтитын қаражаттың есептік мөлшерін білдіреді.

3.3.2. Құрылыс, арнайы, жөндеу-құрылыс, монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын орындау кезіндегі еңбек шығындарының ағымдағы деңгейіндегі сметалық бағалар жұмыстың түрі мен орташа разряды бойынша сараланып айқындалады.

3.3.3 Құрылыстағы еңбек шығындарының сметалық бағасын есептеу Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша орындалады.

3.3.4. Нақты өңір үшін құрылыс, арнайы, жөндеу-құрылыс, монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарының i -ші орта разрядындағы еңбек шығындарының ағымдағы деңгейдегі сметалық бағасы ($ЕШБ_{\text{өң.}i}$, теңге/адам-сағ) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ЕШБ_{\text{өң.}i} = ТМ_{\text{өң.}i} \times \left(1 + \frac{Ш_{\text{қызм}}}{100} \right) \times \left(1 + \frac{СП}{100} \right) \quad (3.3.1)$$

мұндағы:

$ТМ_{\text{өң.}i}$ – орындаушының i -ші разрядының (санатының) өңірлік сметалық тарифтік мөлшерлемесі немесе жұмыстың i -ші орташа разрядына арналған өңірлік сметалық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ;

$Ш_{\text{қызм.}}$ – мердігер ұйымның құрылыс процестерін орындауға және оларға қызмет көрсетуге тікелей байланысты шығыстарының нормативі, пайызбен. Осы Әдістемелік ұсынымдарға В қосымшасына сәйкес құрылыс, арнайы, жөндеу-құрылыс, монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының түріне байланысты қабылданады;

$СП$ – сметалық пайданың нормативі, пайызбен. 3.3.4-кесте бойынша құрылыс, арнайы, жөндеу-құрылыс, монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының түріне байланысты қабылданады

Кесте 3.3.4 – Сметалық пайданың нормативі

Жұмыстарының түрлері	Сметалық пайданың нормативі, %
1 Топырақты өңдеу және жер конструкцияларының құрылғысы бойынша жұмыстар	30
2 Тіреу және қоршау конструкцияларының құрылғысы бойынша жұмыстар	40
3 Өрлеу және оқшаулау жұмыстары	35
4 Ішкі және сыртқы инженерлік жүйелердің құрылғысы бойынша жұмыстар	44
5 Желілік құрылыстардың құрылғысы бойынша арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары	43
6 Топырақтағы арнайы жұмыстар, мұнара және діңгек түріндегі конструкциялар, өнеркәсіптік пештер мен құбырлардың құрылғысы бойынша жұмыстар	34
7 Жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар	33
8 Жабдықты іске қосу-баптау бойынша жұмыстар	27
9 Ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу бойынша жұмыстар	29

4. Құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға арналған сметалық бағаларды есептеу тәртібі

4.1 Құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға сметалық бағаларды есептеу жөніндегі жалпы ережелер

4.1.1 Құрылыс машиналарын, механизмдерін, автокөлік құралдарын пайдалануға (бұдан әрі – машиналарды пайдалану) арналған сметалық бағалар құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының базалық номенклатурасы бойынша ағымдағы деңгейде айқындалады.

4.1.2 Машиналарды пайдалануға арналған сметалық бағалар құрылыс түрлері, объектілер түрлері және жұмыс түрлері бойынша пайдалану ерекшеліктерін ескере

отырып, жұмыстарды жүргізудің қалыпты жағдайларын негізге ала отырып, машиналарды пайдалану үшін қажетті ресурстар шығысының (қажеттілігінің) нормалары бойынша белгіленеді.

4.1.3 Машиналарды пайдалану құны шығын нормаларын және машина сағатының өзіндік құнын құрайтын ресурстардың ағымдағы бағаларын ескере отырып, шығындарды есептеу әдісімен есептеледі.

5.3.3 Еңбек шығындарының нормалары және машиналарды пайдалану уақыты, тиеу-түсіру жұмыстарына арналған уақыт (өндіру, сан) нормалары да еңбек жөніндегі тиісті, қолданыстағы нормативтік база бойынша айқындалады (мысалы: бірыңғай нормалар мен бағалар жинақтары, технологиялық карталар). Тиеу-түсіру жұмыстарына арналған еңбек шығындарының нормалары мен машиналарды пайдалану уақыты осы Басшылық құжатқа П-қосымшада келтірілген.

5.3.4 Жүк тиеуші жұмысшылардың жалақысы құрылыс үшін сметалық тарифтік мөлшерлемелер бойынша анықталады.

5.3.5 Автомобиль көлігімен және тракторлармен жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар олар тасымалдайтын жүктің 1 тонна-километріне есептеледі. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға (оның ішінде құрылыс техникасын ауыстыруға) арналған сметалық бағалар бір (1) рейс көрсеткішіне есептеледі.

Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар тасымалдау қашықтығына, тасымалданатын жүктердің сыныбына, көлік құралының типіне және оның жүк көтерімділігіне байланысты автокөлік құралдарының пайдалану шығындары негізінде айқындалады.

Тракторлармен жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар тасымалдау қашықтығына және тасымалданатын жүктердің сыныбына байланысты пайдалану шығындары негізінде айқындалады.

Сметалық баға есептерінде жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау 200 км дейінгі және 200 км астам, ал тракторлармен – қоса алғанда 30 км дейінгі қашықтыққа көзделеді.

Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау үшін 200 км астам және 30 км астам қашықтық кезінде 1 км үшін бірыңғай сметалық баға есептелген, ол көрсетілгеннен асатын тасымалдау қашықтығын есептеу үшін қабылданады. Жүктерді тасымалдау қашықтығы құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) тиісті шешімдерімен негізделуге тиіс.

Сметалық бағаларда құрылыс үшін жүктерді тасымалдау қашықтығы сараланған түрде қабылданады. Жүктің сыныбы әдепкі қалпы бойынша бірінші болып қабылданады. Сметалық бағалар кестелерінде «дейін» қоса алғанда дегенді білдіреді.

Сметалық баға есептерінде құрылыс техникасын тартқышты пайдалана отырып, тіркемеде (жартылай тіркемеде, ауыр жүк тасушы тіркемеде, ершікті тартқыштары бар ауыр жүк тасушы тіркемеде және тағы сол сияқты) елді мекендерде 30 км дейінгі және елді мекендерден тыс жерде 30 км астам қашықтыққа қайта бейімдеу көзделеді.

Автомобиль көлігімен ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді, құрылыс техникасын тасымалдау үшін 30 км астам қашықтық кезінде тасымалдау қашықтығына көрсетілгеннен асатын бірыңғай сметалық баға есептеледі. Тасымалдау қашықтығы құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ) тиісті шешімдерімен негізделуге тиіс.

5.3.6 Жүктердің сыныбы автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасына сәйкес айқындалады. Кесте нысаны – Жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасы осы Басшылық құжатқа Р-қосымшада келтірілген. Жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасы Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының жалпы бөлімінің Р.1-кестесінде келтіріледі.

Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының жалпы бөлігінің 1-кестесінде жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасында көзделмеген жүктерді тасымалдау үшін тасымалдау ақысы осы Басшылық құжатқа Р-қосымшада келтірілген коэффициенттерді ескере отырып, автомобильдің жүк көтергіштігін пайдаланудың нақты дәрежесіне сәйкес келетін жүк сыныбы бойынша айқындалады.

Ұлғайтылған борттарды қолдана отырып, габариті (көлемі) бойынша автомобильді толық тиеген кезде автомобильдің жүк көтергіштігін пайдалану коэффициентін 0,4-тен төмен қамтамасыз ететін жүктер бойынша сметалық баға жүктің 1-сыныбы үшін белгіленген сметалық бағаларды автомобильдің жүк көтергіштігін нақты пайдалану коэффициентіне бөлумен айқындалады.

5.3.7 Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жүктерді бортты автомобильдермен, өзі аударғыш автомобильдермен (өзі аударғыш поездармен), сондай-ақ автомобиль жүретін мамандандырылған жылжымалы құрамның басқа да түрлерімен (автобетон араластырғыштар, автобитум тасығыштар және т.б.) тасымалдау шарттары үшін белгіленеді. Сметалық бағалар елді мекендерде, елді мекендерден тыс жерлерде, автомагистральдар бойынша, карьерлерден тыс, карьерлерден тыс жерлерде, қара жолдармен, сондай-ақ тракторлармен жүктердің сыныбына байланысты автомобиль көлігінің базалық түрлерімен жүктерді тасымалдауға белгіленеді. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға (оның ішінде құрылыс техникасын ауыстыруға) арналған сметалық бағалар автокөлік құралының жүк көтерімділігіне байланысты елді мекендерде және елді мекендерден тыс жерлерде белгіленеді.

5.3.8 Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының кестелік бөлігінің нысандары осы Басшылық құжатқа С-қосымшада келтірілген.

5.3.9 Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының жалпы бөлігінде жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар ескерілгенін және қосымша төленбейтінін көрсету керек:

белгіленген нормалар шегінде тиеу және түсіру пункттерінде автокөлік құралының бос тұруына байланысты шығындар;

жүкке еріп жүру кезінде түсіру және тиеу пункттері арасындағы автомобильдердің бос жүрісі;

автокөлік кәсіпорны орналасқан пункттен бірінші тиеу пунктіне дейінгі және соңғы түсіру пунктінен автокөлік кәсіпорнына дейінгі бос жүріс.

Жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағының жалпы бөлігінде автомобиль көлігімен тасымалданатын жүктердің номенклатурасы мен сыныптамасының кестесі де келтіріледі.

5.3.10 Автомобиль көлігімен және тіркемелері бар тракторлармен жүктің 1 тонна-километріне арналған сметалық бағалардың нормативтік көрсеткіші ($B_{көл}$, теңге) (5.3.1) формула бойынша айқындалады:

$$B_{көл} = \frac{(K_{көл} + K_n)}{S \times J_k} \quad (5.3.1)$$

мұндағы:

$K_{көл}$ – автокөлік құралының пайдалану шығыстарының құны, теңге/маш. - сағ;

K_n – автокөлік құралы жүрісінің нормативтік уақыты, сағатпен;

J_k – автокөлік құралының жүк көтергіштігі, тоннамен;

S – жүкті жеткізу бойынша қашықтық, км.

5.3.11 Автокөлік құралының жүк көтергіштік көрсеткіші (J_k) мынадай ақпарат көздерінің негізінде (қолдану кезектілігі тәртібімен) белгіленеді:

паспорт деректері;

машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар;

техникалық әдебиеттерде келтірілген мәліметтер.

5.3.12 Құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағаларды есептеу үшін тасымалданатын жүктің сыныбына байланысты автокөлік құралының жүк көтергіштігін пайдаланудың орташа коэффициентінің ($K_{жк}$) көрсеткіші қабылданады. Жүк сыныбы бойынша жүк көтергіштігін пайдаланудың орташа коэффициенттері осы Басшылық құжатқа Р-қосымшада Р.3 кестеде келтірілген.

5.3.13 Автокөлік құралының жүруінің нормативтік уақыты (T_n) (5.3.2) формула бойынша анықталады:

$$T_n = U + U_{бт} + U_d, \quad (5.3.2)$$

мұндағы:

U – түсіру және тиеу пункттері арасындағы бос жүрісті ескере отырып, жүкті нақты қашықтыққа жеткізу бойынша автокөлік құралының жүрген уақыты, сағат;

$U_{бт}$ – автокөлік құралының тиеу және түсіру кезінде бос тұрған уақыты, сағат;

U_d – ауысым сайынғы дайындық-қорытынды жұмыстардың уақытын ескеретін көрсеткіш (әрбір сапарға уақыттың үлесі), сағат.

(U) көрсеткіші (5.3.3) формула бойынша айқындалады:

$$U = 2 \cdot S / V, \quad (5.3.3)$$

мұндағы:

2 – автокөлік құралының жүгі бар жүрісін және бос жүрісін ескеретін коэффициент;

S – Тиеу және түсіру пункттері арасындағы қашықтық, км;

V – Автокөлік құралы жүрісінің есептік жылдамдығы, км/сағ.

Жүрістің есептік жылдамдығы жол төсемінің түріне және тасымалдау қашықтығына байланысты белгіленеді.

Қала сыртында жұмыс істеген кезде:

автомагистральдарда – 63 км/сағ;

жетілдірілген жабыны бар жолдар (асфальтбетонды, цементбетонды, қырлы төсемелі, гудрондалған, клинкер) – 49 км/сағ;

қатты жабыны бар (жұмыр тас, шағыл тас, қиыршық тас) және жақсартылған топырақталған жолдар – 37 км/сағ;

табиғи топырақты жолдар – 28 км/сағ.

Жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейін (автоцистерналар – 6 м³ дейін) автомобильдер мен автопоездар үшін жол жабынының типіне қарамастан қалада жұмыс істеген кезде – 25 км/сағ, жүк көтергіштігі 10 тоннадан астам (автоцистерналар – 6 м³ жоғары) – 24 км/сағ

1 км дейінгі қашықтықта жұмыс істегенде – 16,8 км/сағ.

Тракторлармен тасымалдау кезінде – 19 км/сағ.

Мұндағы «дейін» қоса алғанда дегенді білдіреді.

Автокөлік құралдарының тиеуге және түсіруге (Убт) бос тұру уақытының нормасы тиеу және түсіру пункттері үшін жеке белгіленеді. Борттық автомобильдер (I) және стандартты тенттермен жабдықталған фургон-автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, жылжымалы құрамнан (II) алынбай түсірілетін (тиелетін) әмбебап контейнерлер үшін автокөлік құралдарының тиеуге және түсіруге арналған бос тұру уақытының нормасы осы Басшылық құжатқа Т-қосымшада Т.1 кестеде келтірілген. Ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау үшін автокөлік құралын тиеуге және түсіруге (Убт) бос тұру және құрылыс техникасын қайта орналастыруға кететін уақыт нормасын тасымалданатын құрылыс техникасының, жабдықтардың және т. б. жүк көтергіштігінің тоннасына 15 минут қабылдау қажет.

Тракторларға арналған Убт тиеуге немесе түсіруге арналған бос тұрып қалу уақытының нормасы қабылданады:

үйіп тиелетін жүктер үшін – бір тонна жүкке 0,1 мин.;

үйіліп тиелетін жүктерден басқа жүктер үшін – бір тонна жүкке 0,73 мин.

Өзі аударғыш автомобильдер мен әртүрлі мақсаттағы автомобиль-цистерналар үшін тиеу немесе түсіру уақытының нормасы осы Басшылық құжатқа Т-қосымшада Т.2 кестеде келтірілген.

Көрсеткіш ($У_d$) (5.3.4) формула бойынша анықталады:

$$У_d = \frac{T_d}{K_{жа} - T_d}, \quad (5.3.4)$$

(5.3.4)

мұндағы:

$K_{жа}$ – жұмыс ауысымының ұзақтығы, сағат;

T_d – ауысым сайынғы дайындық-қорытынды жұмыстарға арналған жалпы уақыт, сағат, оған мыналар кіреді:

жолға шығар алдында және автокөлік кәсіпорнына оралғаннан кейін қажетті жұмыстарды орындау уақыты – ауысымына 0,3 сағат (18 минут);

рейс алдындағы медициналық тексеруді жүргізу уақыты – ауысымына 0,08 сағат (5 минут);

кәсіпорыннан (гараждан) бірінші тиеу пунктіне жол жүру уақыты және жұмыс аяқталғаннан кейін соңғы түсіру пунктінен қайту автомобиль көлігі үшін – ауысымына 0,33 сағат (орташа жылдамдықпен 10 км – 30 км/сағ), тіркемелері бар тракторлар үшін – ауысымына 0,4 сағат (орташа жылдамдықпен 10 км – 25 км/сағ).

6 Құрылыс үшін құрылыс ресурстары мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге сметалық бағалар жинақтарын қалыптастыру

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Мемлекеттік сметалық нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту және қолданысқа енгізу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (олардың қолданысын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

6.1.2 Құрылыс үшін құрылыс ресурстары мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинақтары өз құрамында мынадай құрылымдық элементтерді көздейді:

титул парағы;

алғы сөз;

мазмұны;

жалпы бөлім, техникалық бөлік;

сметалық бағалар кестелері.

6.1.3 Сметалық нормативтердің титулдық парақтары Қағидалардың 25-қосымшасында келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

6.1.4 «Алғы сөз» құрылымдық элементінің нысаны Қағидалардың 3-қосымшасында келтірілген.

6.1.5 Сметалық нормативтердің қосалқы алғы беттері Қағидалардың 5-қосымшасында келтірілген нысанға сәйкес ресімделеді.

6.1.6 Сметалық бағалар жинағының жалпы (техникалық) бөлігінде сметалық бағаларды қолдану шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі.

6.1.7 Құрылыстағы баға белгілеу және сметалар жөніндегі мемлекеттік нормативтік құжаттарға шифр беру қағидалары және Сметалық нормалар мен ресурстарға шифр беру қағидалары осы Басшылық құжатқа У-қосымшаларда келтірілген.

6.1.8 Сметалық нормативтердің әрбір жинағындағы сметалық нормативтердің ішкі нөмірленуі (шифры) осы нормативтердің жинақтарына техникалық бөлімдерде беріледі.

6.1.9 Егер сметалық норматив сол атаумен қолданылып жүргендердің орнына бекітілсе, онда бекіту жылының сандары тиісінше өзгертіле отырып, оның бұрынғы шифры сақталады (әдетте).

6.1.10 Электрондық-есептеу техникасының көмегімен сметалық құжаттаманың автоматтандырылған шығарылымын қамтамасыз ету үшін сметалық нормативтердің көрсеткіштері құрылыстағы өнімге, жұмыстарға және қызметтерге арналған сыныптауыштардың талаптарына сәйкес кодталады.

6.1.11 Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының, инженерлік жабдықтардың сметалық бағалары келесі жинақтарға (бұдан әрі – СБЖ) топтастырылады:

құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына,
инженерлік және технологиялық жабдықтарға.

6.1.12 Сметалық бағалар жинағының кестелік бөлігінде материалдық ресурстардың (жабдықтардың) коды мен атауы, өлшем бірлігі, жүк сыныбы, килограмдағы брутто салмағы, босату және сметалық бағалар тұтас теңгеге дейін дөңгелектеніп келтіріледі. Құрылыстағы материалдық ресурстарға (жабдықтарға) арналған сметалық бағалар жинағының кестелік бөлігінің нысаны осы Басшылық құжатқа Ұ-қосымшада Ұ.1 кестеде келтірілген.

Республикалық маңызы бар қалалар үшін сметалық бағалар жинақтарында металл емес материалдар үшін «Босату бағасы, теңге» 6-бағаны толтырылмайды.

6.1.13 Еңбек шығындарының сметалық бағалары кестелер нысанында, өңірлер бөлінісінде қалыптастырылады және құрылыстағы еңбек шығындарына арналған

сметалық бағалар жинағына (бұдан әрі – ЕШСБ) енгізіледі. Құрылысшы-жұмысшылар мен машинистердің сметалық тарифтік мөлшерлемелерінің және инженерлік буынның сметалық тарифтік мөлшерлемелерінің нысаны осы Басшылық құжатқа Ұ-қосымшада Ұ.2 және Ұ.3 кестелерде келтірілген.

6.1.14 Машиналарды пайдалануға арналған сметалық бағалар құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар жинағына (бұдан әрі – МПСБ) енгізіледі.

6.1.15 Машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар кестелерінің нысаны осы Басшылық құжатқа Ұ-қосымшада Ұ.4 кестеде келтірілген.

6.1.16 Автомобиль көлігімен және тракторлармен құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар құрылысқа арналған жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинағына (бұдан әрі – ЖТСБ) енгізіледі.

6.1.17 Автомобиль көлігімен, тракторлармен жүктерді тасымалдауға, автомобильмен тасымалдау кезінде тиеу-түсіру жұмыстарына арналған сметалық бағалар осы Басшылық құжатқа С-қосымшада келтірілген кестелер нысанында қалыптастырылады.

6.1.18 Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына, инженерлік жабдыққа, еңбек шығындарына, құрылыс машиналарын, механизмдерін және автокөлік құралдарын пайдалануға, құрылыс үшін жүктерді тасымалдауға арналған сметалық бағалар жинақтары сметалық бағалар қалыптастырылған жылдың желтоқсан айындағы ағымдағы бағаларда күнтізбелік бір жылға қалыптастырылады.

Құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына, инженерлік жабдыққа арналған сметалық бағалар жинақтары тоқсан сайын құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына, инженерлік жабдыққа арналған бағалардың өзгеру 2.4.12 т. сәйкес.

Жаңадан енгізілетін құрылыс ресурстарына белгіленген тәртіппен (қажет болған жағдайда) сметалық бағалар жинақтарына толықтырулар шығарылады.

Сметалық бағалар жинағының жалпы (техникалық) бөлігінде сметалық бағаларды қолдану шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер келтіріледі.

6.1.19 Жинақтарды қалыптастыру, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезеңділігін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

6.1.20 Құрылыстағы және сметалық нормалардағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды басып шығару және қайта басып шығару құқығы оларды бекіткен органға тиесілі. Құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормалар бойынша бекітілген нормативтік құжаттардың көшірмелерін тарату электрондық түрдегі нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қоры арқылы жүзеге асырылады.

Бекітілген сметалық нормативтерді жинақтар түрінде шығаруға жол беріледі. Бұл ретте мыналарды орындау:

жинақтың жалпы мұқабасын жасау, ал жеке құжаттарды мұқабасыз жинаққа қосу, оларды титулдық парақтармен ауыстыру;

жинақтың мұқабасына оған кірген барлық жеке құжаттардың белгілерін қою;

жинақтың соңында оның мазмұнын орналастыру;

жинақ беттерінің төменгі жағына толассыз нөмірлеуді қою.

6.1.21 Сметалық нормативті қайта шығарған кезде оған бекітілген барлық өзгерістер ескеріледі. Өзгертулермен қайта басылған құжаттың белгісіне (шифрына) жұлдызша (*) қосылады. Жұлдызша, сондай-ақ тиісті жинақта өзгертілген тармақтарды (құрылыстағы жаңа сметалық нормалар мен бағаларға көшуге және сметалық нормативтерді жаппай қайта шығаруға байланысты жағдайды қоспағанда) белгілейді. Салалық сметалық нормативтерді әзірлеуші ұйымдар (бірнеше орындаушы болған жағдайда – жетекші әзірлеуші ұйымдар), сондай-ақ мемлекеттік сметалық нормаларды әзірлейтін құрылыстағы баға белгілеу саласындағы мамандандырылған ұйым және құрылыстағы

баға белгілеу және сметалық нормалар жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіткен тиісті салалық (ведомстволық) орган немесе уәкілетті орган қолданыстағы сметалық нормативтерді олардың ғылыми-техникалық деңгейін айқындау үшін жүйелі түрде тексереді және оларды жаңарту жөнінде ұсыныстар дайындайды.

6.1.22 Аяқталған ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, сметалық құжаттаманы жасау мен қолданудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу және қорыту, сметалық нормативтердің қолданылуы мен талаптарының сақталуын талдау сметалық нормативтерді қайта қарау, оларға өзгерістер немесе толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

6.1.23 Сметалық нормативтердің өзгерістері мен сметалық нормативтердің жинақтарына толықтыруларды тіркеу және нөмірлеу бастапқы бекіту кезіндегідей тәртіппен жүзеге асырылады.

Сметалық нормативтердің тиісті жинақтарына енгізілуіне қарай өзгерістер мен толықтырулар титулдық параққа «Шығарылым (шығарылымның реттік нөмірі)» деген қосымша жазба қойылып, жеке басылым түрінде ресімделеді.

А қосымшасы (міндетті)

А.1 кесте - Қазақстан Республикасы өңірлерінің тізбесі

Аймақ коды	Атауы
01.00	Нұр-Сұлтан қаласы, Қосшы қаласы
02.00	Алматы қаласы
03.00	Ақмола облысы
03.01	Көкшетау қ.
03.02	Степногорск қ.
03.03	Ақкөл ауданы
03.04	Аршалы ауданы
03.05	Астрахан ауданы
03.06	Атбасар ауданы
03.07	Біржан сал ауданы
03.08	Бұланды ауданы
03.09	Бурабай ауданы
03.10	Егіндікөл ауданы
03.11	Ерейментау ауданы
03.12	Есіл ауданы
03.13	Жақсы ауданы
03.14	Жарқайың ауданы
03.15	Зеренді ауданы
03.16	Қорғалжын ауданы
03.17	Сандықтау ауданы
03.18	Целиноград ауданы
03.19	Шортанды ауданы
04.00	Ақтөбе облысы
04.01	Ақтөбе қаласы
04.02	Алға ауданы
04.03	Әйтеке би ауданы
04.04	Байғанин ауданы
04.05	Қарғалы ауданы
04.06	Қобда ауданы
04.07	Мәртөк ауданы
04.08	Мұғалжар ауданы
04.09	Ойыл ауданы
04.10	Темір ауданы
04.11	Хромтау ауданы
04.12	Шалқар ауданы
04.13	Ырғыз ауданы
05.00	Алматы облысы
05.02	Қапшағай қ.
05.05	Балқаш ауданы
05.06	Еңбекшіқазақ ауданы

А.І-кестенің жалғасы

05.08	Жамбыл ауданы
05.09	Іле ауданы
05.10	Қарасай ауданы
05.12	Кеген ауданы
05.16	Райымбек ауданы
05.18	Талғар ауданы
05.19	Ұйғыр ауданы
06.00	Атырау облысы
06.01	Атырау қ.
06.02	Жылыой ауданы
06.03	Индер ауданы
06.04	Исатай ауданы
06.05	Қызылқоға ауданы
06.06	Құрманғазы ауданы
06.07	Мақат ауданы
06.08	Махамбет ауданы
07.00	Батыс Қазақстан облысы
07.01	Орал қ.
07.02	Ақжайық ауданы
07.03	Бөкей ордасы ауданы
07.04	Бөрлі ауданы
07.05	Жаңақала ауданы
07.06	Жәнібек ауданы
07.07	Бәйтерек ауданы
07.08	Қазталов ауданы
07.09	Қаратөбе ауданы
07.10	Сырым ауданы
07.11	Тасқала ауданы
07.12	Теректі ауданы
07.13	Шыңғырлау ауданы
08.00	Жамбыл облысы
08.01	Тараз қ.
08.02	Байзақ ауданы
08.03	Жамбыл ауданы
08.04	Жуалы ауданы
08.05	Қордай ауданы
08.06	Меркі ауданы
08.07	Мойынқұм ауданы
08.08	Т. Рысқұлов ауданы
08.09	Сарысу ауданы
08.10	Талас ауданы
08.11	Шу ауданы
09.00	Қарағанды облысы
09.01	Қарағанды қ., Шахтинск қ., Теміртау қ., Саран қ.

А.І-кестенің жалғасы

09.03	Балқаш қ.
09.05	Приозерск қ.
09.06	Абай ауданы
09.07	Ақтоғай ауданы
09.08	Бұқар жырау ауданы
09.10	Қарқаралы ауданы
09.11	Нұра ауданы
09.12	Осакаров ауданы
09.14	Шет ауданы
10.00	Қостанай облысы
10.01	Қостанай қ., Рудный қ.
10.02	Арқалық қ.
10.03	Лисаков қ.
10.04	Алтынсарин ауданы
10.05	Амангелді ауданы
10.06	Әуликөл ауданы
10.07	Денисов ауданы
10.08	Жангелдин ауданы
10.09	Жітіқара ауданы
10.10	Қамысты ауданы
10.11	Қарабалық ауданы
10.12	Қарасу ауданы
10.13	Қостанай ауданы
10.14	Меңдіқара ауданы
10.15	Науырзым ауданы
10.16	Бейімбет Майлин ауданы
10.17	Сарыкөл ауданы
10.18	Ұзынкөл ауданы
10.19	Федоров ауданы
11.00	Қызылорда облысы
11.01	Қызылорда қаласы
11.02	Байқоңыр қ.
11.03	Арал ауданы
11.04	Қазалы ауданы
11.05	Қармақшы ауданы
11.06	Жалағаш ауданы
11.07	Сырдария ауданы
11.08	Шиелі ауданы
11.09	Жаңақорған ауданы
12.00	Маңғыстау облысы
12.01	Ақтау қ.
12.02	Жаңаөзен қ.
12.03	Бейнеу ауданы

А.І-кестенің жалғасы

12.04	Қарақия ауданы
12.05	Маңғыстау ауданы
12.06	Мұнайлы ауданы
12.07	Түпқараған ауданы
13.00	Түркістан облысы
13.01	Түркістан қ., Кентау қ.
13.02	Арыс қ.
13.03	Бәйдібек ауданы
13.04	Жетісай ауданы
13.05	Қазығұрт ауданы
13.06	Келес ауданы
13.07	Мақтаарал ауданы
13.08	Ордабасы ауданы
13.09	Отырар ауданы
13.10	Сайрам ауданы
13.11	Сарыағаш ауданы
13.12	Сауран ауданы
13.13	Созақ ауданы
13.14	Төлеби ауданы
13.15	Түлкібас ауданы
13.16	Шардара ауданы
14.00	Павлодар облысы
14.01	Павлодар қ., Ақсу қ.
14.02	Екібастұз қ.
14.03	Ақкулы ауданы
14.04	Ақтоғай ауданы
14.05	Баянауыл ауданы
14.06	Железин ауданы
14.07	Ертіс ауданы
14.08	Май ауданы
14.09	Павлодар ауданы
14.10	Тереңкөл ауданы
14.11	Успен ауданы
14.12	Шарбақты ауданы
15.00	Солтүстік Қазақстан облысы
15.01	Петропавл қ.
15.02	Айыртау ауданы
15.03	Ақжар ауданы
15.04	Аққайың ауданы
15.05	Есіл ауданы
15.06	Жамбыл ауданы
15.07	Мағжан Жұмабаев атындағы аудан
15.08	Қызылжар ауданы
15.09	Мамлют ауданы
15.10	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан

А.І-кестенің жалғасы

15.11	Тайынша ауданы
15.12	Тимирязев ауданы
15.13	Уәлиханов ауданы
15.14	Шал ақын атындағы аудан
16.00	Шығыс Қазақстан облысы
16.01	Өскемен қ.
16.03	Риддер қ.
16.09	Глубокое ауданы
16.11	Зайсан ауданы
16.12	Алтай ауданы
16.14	Күршім ауданы
16.15	Катон-Қарағай ауданы
16.16	Тарбағатай ауданы
16.17	Ұлан ауданы
16.19	Шемонаиха ауданы
17.00	<u>Шымкент қаласы</u>
18.00	Абай облысы
18.01	Семей қаласы
18.02	Курчатов қаласы
18.03	Ақсуат ауданы
18.04	Абай ауданы
18.05	Аягөз ауданы
18.06	Бесқарағай ауданы
18.07	Бородулиха ауданы
18.08	Жарма ауданы
18.09	Көкпекті ауданы
18.10	Үржар ауданы
19.00	Жетісу облысы
19.01	Талдықорған қаласы, Текелі қаласы
19.02	Ақсу ауданы
19.03	Алакөл ауданы
19.04	Ескелді ауданы
19.05	Қаратал ауданы
19.06	Кербұлақ ауданы
19.07	Көксу ауданы
19.08	Панфилов ауданы
19.09	Сарқант ауданы
20.00	Ұлытау облысы
20.01	Жезқазған қаласы, Сәтбаев қаласы
20.02	Қаражал қаласы
20.03	Жаңаарқа ауданы
20.04	Ұлытау ауданы

Ә қосымшасы (міндетті)

Өңірлік коэффициентті есептеу

Өңірлік коэффициент ($K_{\text{өң}}$) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{өң}} = \frac{KM_{\text{өң}}}{\text{ӨМ}_{\text{орт}}},$$

мұндағы:

$KM_{\text{өң}}$ – өңірлік коэффициент есептелетін өңірдің ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге. Ресми статистикалық ақпарат бойынша соңғы он екі айдағы орташа мән ретінде айқындалады;

$\text{ӨМ}_{\text{орт}}$ – Қазақстан Республикасы бойынша орташа ең төмен күнкөріс деңгейі, теңге. Ресми статистикалық ақпарат бойынша соңғы он екі айдағы орташа мән ретінде айқындалады.

Б қосымшасы (міндетті)

Б.1 -кесте Құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарын, жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстарды, іске қосу-жөндеу жұмыстарын, құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқару кезінде тікелей айналысатын жұмысшылардың разрядтары бойынша және құрылыс, арнайы құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстары мен жабдықты монтаждау жөніндегі жұмыстардың орташа разрядтары бойынша тарифтік коэффициенттер

Разрядтың аралық мәні	Разряд/тарифтік коэффициент							
	1	2	3	4	5	6	7	8
	1,000	1,195	1,428	1,706	2,039	2,437	2,912	3,480
0,1	1,020	1,218	1,456	1,739	2,079	2,485	2,969	
0,2	1,040	1,241	1,484	1,772	2,119	2,533	3,026	
0,3	1,060	1,264	1,512	1,805	2,159	2,581	3,083	
0,4	1,080	1,287	1,540	1,838	2,199	2,629	3,140	
0,5	1,100	1,310	1,568	1,871	2,239	2,677	3,197	
0,6	1,120	1,333	1,596	1,904	2,279	2,725	3,254	
0,7	1,140	1,356	1,624	1,937	2,319	2,773	3,311	
0,8	1,160	1,379	1,652	1,970	2,359	2,821	3,368	
0,9	1,180	1,402	1,680	2,003	2,399	2,869	3,425	

Ескертпе – тарифтік коэффициент тиісті біліктілік разряды қызметкерінің тарифтік мөлшерлемесінің бірінші разрядты қызметкердің тарифтік мөлшерлемесіне қатынасын білдіреді.

Б.2 - кесте Монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарымен тікелей айналысатын инженерлік буын мамандарының санаттары бойынша тарифтік коэффициенттер

№	Санаты және лауазымы	Тарифтік коэффициент
1	Орта техникалық білімі бар мамандар:	
1.1	3-санатты техник	1,000
1.2	2-санатты техник	1,104
1.3	1-санатты техник	1,218
2	Жоғары техникалық білімі бар мамандар:	
2.1	3-санатты инженер	1,483
2.2	2-санатты инженер	1,637
2.3	1-санатты инженер	1,807
2.4	жетекші инженер	1,994
2.5	бас технолог	2,201

Ескертпе-тарифтік коэффициент тиісті санаттағы маманның тарифтік мөлшерлемесінің үшінші санаттағы техниктің тарифтік мөлшерлемесіне қатынасын білдіреді.

**Мердігерлік ұйымның тікелей байланысты шығыстары
құрылыс процестерін орындаумен және қызмет көрсетумен**

Мердігер ұйымның құрылыс процестерін орындауға және оларға қызмет көрсетуге тікелей байланысты шығыстарына мыналар жатады:

1. Өндірістік кадрларды даярлауға және қайта даярлауға байланысты шығындар.
2. Мердігерлік жұмыстармен, оның ішінде уақытша (титулдық) ғимараттар мен құрылыстар салумен, құрылыс машиналарын пайдалану мен оларға қызмет көрсетумен және басқа да күрделі емес жұмыстармен айналысатын жұмысшылардың өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

Өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдердің құрамына мыналар кіреді:

- 1) қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарының пайдаланылмаған күндері үшін жыл сайынғы еңбек демалыстарына ақы төлеу немесе өтемақы төлемдері;
- 2) атмосфералық жағдайлар бойынша бос тұрып қалу жұмыс уақытына ақы төлеу;
- 3) жүкті әйелдерді жеңіл жұмысқа ауыстыру кезінде олардың орташа жалақысына дейін қосымша ақы;
- 4) еңбек міндеттерін орындауға байланысты денсаулығына келтірілген зиянды өтету;
- 5) бригадирлерге бригадаға басшылық еткені үшін қосымша ақы;
- 6) негізгі жұмысынан босатылмаған білікті жұмысшыларға оқушыларды оқытқаны және жұмысшылардың біліктілігін арттырғаны үшін қосымша ақы;
- 7) құрылыс-монтаждау ұйымы жұмысшыларының біліктілігін арттыру жүйесінде оларды өндірістен қол үзіп оқыту кезінде орташа жалақысын сақтау;
- 8) заңда көзделген жағдайларда жұмысшыларға тегін немесе жеңілдікті шарттармен қызметтер көрсетуге байланысты шығыстар;
- 9) тексеру, қан тапсыру күндері үшін жұмыс донорларының орташа жалақысын сақтау;
- 10) жұмысшыларға үстеме жұмысы үшін, сондай-ақ кезекші электр монтерлеріне, слесарьларға, сантехниктерге, от жағушыларға және басқа жұмысшыларға түнгі уақыттағы жұмысы үшін қосымша ақы (бұл қосымша ақы сметалық нормаларда ескерілген тау-кен қазу және басқа да кейбір жерасты жұмыстарынан басқа);
- 11) заңдарда көзделген жағдайларда амалсыз бос жүрген немесе төмен ақы төленетін жұмысты орындаған уақыты үшін жұмысшылардың орташа жалақысын сақтау;
- 12) мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өту уақыты үшін жұмысшылардың орташа жалақысын сақтау.

3. Мердігерлік жұмыстарда, сондай-ақ құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануда және үстеме шығыстар есебінен жүргізілетін күрделі емес жұмыстарда істейтін жұмысшылардың жалақысына арналған шығыстардан әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар (оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар).

4. Санитариялық-гигиеналық және тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша шығыстар:

- 1) амортизациялық аударымдар (немесе жалдау ақысы), жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар) және санитариялық-тұрмыстық мақсаттағы жиналмалы және жылжымалы ғимараттарды орын ауыстыруға арналған шығындар;

- 2) санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды ұстау: еден жуушылардың, кезекші слесарьлардың, электриктердің және қызмет көрсететін персоналдың басқа да санаттарының еңбегіне ақы төлеуге, жылытуға, сумен жабдықтауға, кәрізге, жарықтандыруға арналған шығыстар, сондай-ақ себезгі бөлмелері мен қол жуғыштарға арналған табельде көзделген гигиена заттарының құны;

3) амортизациялық аударымдарды (жалдау ақысын), жөндеудің барлық түрлеріне арналған шығындарды (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар), жарықтандыруға, жылытуға, сумен жабдықтауға, кәрізге, электрмен жабдықтауға, тамақ дайындауға арналған отынға арналған шығыстарды, сондай-ақ тамақ дайындауға арналған отынды жұмыс орнына жеткізу бойынша шығыстарды қоса алғанда, еңбек ұжымына қызмет көрсететін медициналық мекемелерге тікелей құрылыс алаңында немесе құрылыс ұйымының аумағында медициналық пункттерді ұйымдастыру үшін тегін берілетін үй-жайлар мен мүкәммалды ұстау;

4) құрылыс ұйымының жұмыскерлерін асханалармен, буфеттермен, медициналық пункттермен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен қамтамасыз ету бойынша бөгде ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге немесе оларды күтіп-ұстау бойынша үлестік қатысуға арналған шығындар.

5. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы шығыстары:

1) тегін берілетін арнайы киімдер мен жеке қорғаныш құралдарының тозуы және оларды жөндеу және жуу жөніндегі шығыстар;

2) заңнамада көзделген жағдайларда бейтараптандыратын заттарды тегін беру құны;

3) дәрі қобдишалары мен дәрі-дәрмектерді сатып алуға байланысты шығындар;

4) қауіпсіздік техникасы, құрылыста жазатайым оқиғалар мен аурулардың алдын алу, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі қажетті анықтамалықтарды, плакаттар мен көрсету материалдарын сатып алуға арналған шығындар;

5) жұмысшыларды жұмыстың қауіпсіз әдістеріне оқыту және қауіпсіздік техникасы кабинеттерін жабдықтауға арналған шығындар;

6) еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шаралар номенклатурасында көзделген өзге де шығыстар кіреді.

В.1 кесте – Құрылыс жұмыскерлеріне қызмет көрсетуге арналған шығыстар нормалары

Норматив шифры	Жұмыстарының түрлері	Шығыстар нормасы, құрылысшы-жұмысшылар мен машинистердің, іске қосу-жөндеу персоналының еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражат сомасынан пайызбен
1	2	3
1	Топырақты өңдеу және жер конструкцияларының құрылғысы бойынша жұмыстар	66,1
2	Тіреу және қоршау конструкцияларының құрылғысы бойынша жұмыстар	60,7
3	Әрлеу және оқшаулау жұмыстары	59,2
4	Ішкі және сыртқы инженерлік жүйелердің құрылғысы бойынша жұмыстар	64,3
5	Желілік құрылыстардың құрылғысы бойынша арнайы құрылыс және монтаждау жұмыстары	63,4
6	Топырақтағы арнайы жұмыстар, мұнара және	61,7

В.1-кестенің жалғасы

	діңгек түріндегі конструкциялар, өнеркәсіптік	
--	---	--

	пештер мен құбырлардың құрылғысы бойынша жұмыстар	
7	Жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар	45,5
8	Жабдықты іске қосу-баптау бойынша жұмыстар	42,0
9	Ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу бойынша жұмыстар	62,1
10	Механикаландыру басқармасы	71,4

Г қосымшасы (міндетті)

Г.1 -кесте Қалпына келтіру құнынан пайызбен толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормалары

Машиналардың атауы		Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
1	Авто бетон сорғылар	10,0
2	Авто бетон араластырғыштар	12,5
3	Авто бетон тасығыштар	12,5
4	Автогудронаторлар, авто битум тасығыштар, қол гудронаторлары, жапсарларға битум құйғыш, асфальтбетон жабындарын қыздырғыштар	10,0
5	Автогрейдерлер, қуаты 120 а. к. дейін	12,5
6	Автогрейдерлер, қуаты 120 а. к. жоғары	10,0
7	Автогидрокөтергіштер, автомұнаралар, телемұнаралар, ауыстырып тиегіштер	18,9
8	Резеңке жабынды вулканизациялауға арналған автоклав	10,0
9	Бортты автомобильдер	1000 км жүріске 0,17
10	Өзі аударатын автомобильдер, 27 т-ға дейін	1000 км жүріске 0,17
11	Өзі аударатын автомобильдер, 27-дан 50 т-ға дейін	1000 км жүріске 0,37
12	Өзі аударатын автомобильдер, 50-ден 120 т-ға дейін	1000 км жүріске 0,3
13	Монтаждық автомотристер	5,0
14	Автотиегіштер	18,9
15	Авто цемент тасығыштар	12,5
16	Толтыру-баспалау агрегаттары, құбырларды сынауға арналған электр сорғы агрегаттары	14,3
17	Арматуралық-орау машиналары	11,1
18	Асфальт төсегіштер	13,0
19	Асфальт араластырғыш қондырғылар, асфальтбетон зауыттары	11,0
20	Барраж машинасы, орларды үңгілеуге арналған грейфері бар қондырғылар	16,7
21	Дискілі тырмалар	12,5
22	Тісті тырмалар	16,7
23	Бетон сорғылары	16,7
24	Стационарлық және жылжымалы бетон және ерітінді араластырғыштар	12,5
25	Битум құйғыштар	10,0
26	Жерасты және ашық тау-кен жұмыстарына арналған блок-тюбинг төсегіштер	14,3
27	Бульдозерлер, қозғалтқыш қуаты 75 а. к. дейін	15,0
28	Бульдозерлер, қозғалтқыш қуаты 76-дан 108 а.к. дейін.	14,3

Г.1-кестенің жалғасы

Машиналардың атауы		Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
29	Бульдозерлер, қозғалтқыш қуаты 108-ден 180 а. к. дейін	12,5
30	Бульдозерлер, қозғалтқыш қуаты 180 а. к. астам	10,0
31	Бұрғылау-кран және бұрғылау машиналары, бұрғылап толтыру қадаларын орнатуға арналған жабдықтар	14,3
32	Кең жолтабанды вагондар	5,0
33	Тар жолтабанды вагондар	6,1
34	Өзі аударғыш вагондар	6,1
35	Жол вагоншалары	12,5
36	Хоппер-мөлшерлегіш вагондар	4,0
37	Дірілді батырғыштар	20,0
38	Дірілді тақта	13,0
39	Шахталар мен метрополитенді желдету жүйелері	10,0
40	Ауа кептіргіш, желдеткіш	11,1
41	Күштік шахталық кремнийлі түзеткіш, трансформаторларды қыздыруға арналған жартылай өткізгіш түзеткіштер	10,0
42	Газ жалынды жанарғылар	50,0
43	Аспалы бұта тырмалар	16,7
44	Тіркемелі грейдерлер	8,3
45	Қуаты 108-ден 180 а. к. дейін қозғалтқышы бар грейдер-элеваторлар	12,5
46	Қуаты 180 а. к. жоғары қозғалтқышы бар грейдер-элеваторлар	10,0
47	Аспалы тырмалар	20,0
48	Електер, дірілдеткіш бункерлер, діріл-елек	14,3
49	Топырақ араластырғыш қондырғылар	16,7
50	Дизель-балғалар, 5 т-ға дейін	20,0
51	Краны, монтаждау мұнарасы бар кең жолтабанды дрезиналар	4,8
52	Гидравликалық домкраттар	8,3
53	Электр жер снарядтары мен айдау станциялары, өнімділігі сағатына 120 текше метрге дейін, жүзбелі қойыртпақ құбырының жиынтығымен	12,5
54	Электр жүзбелі қойыртпақ құбырының жинағымен жер снарядтары мен айдау станциялары, топырақ бойынша өнімділігі сағатына 180 текше метрге дейін; сол өнімділіктегі дизельді жер снарядтары	10,0
55	Электр жүзбелі қойыртпақ құбырының жинағымен жер снарядтары мен айдау станциялары, топырақ бойынша өнімділігі сағатына 400 текше метрге дейін; сол өнімділіктегі дизельді жер снарядтары	8,3

Г.1-кестенің жалғасы

Машиналардың атауы	Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
56 Электр жүзбелі қойыртпақ құбырының жинағымен жер снарядтары мен айдау станциялары, топырақ бойынша өнімділігі сағатына 400 текше метрден астам; сол өнімділіктегі дизельді жер снарядтары	6,3
57 Өлшеу зертханалары (өздігінен жүрмейтін, өздігінен жүретін)	9,0
58 Кабельдерді таркатуға және төсеуге арналған кабельдік машиналар	16,7
59 Өздігінен жүретін шынжыр табанды кабель төсегіштердің аспалы жабдығы; өздігінен жүрмейтін дөңгелекті және батпақта жүретін, жеңіл және ауыр кабель төсегіштер; дөңгелекті кабель тасымалдағыштар	33,3
60 Жыра қазғыштар	16,7
61 Бұрғылау күймелері	25,0
62 Өздігінен жүретін катоктар	16,7
63 Тіркеме катоктар	13,0
64 Қайлашылар	16,7
65 Үңгілеу комбайндары, шахталық тиеу машиналары, оқпандық тиеу машиналары, оқпандық грейферлік тиегіштер	20,0
66 Жолдар мен әуеайлақтардың бетон жабынын орнатуға арналған машиналар жиынтығы	13,0
67 Компрессорлық, стационарлық, жалпы мақсаттағы жетекті компрессорлар, станциялар және қондырғылар, 12 атм дейінгі қысыммен өнімділігі минутына 50 текше метрге дейін	7,7
68 Компрессорлық, стационарлық, жалпы мақсаттағы жетекті компрессорлар, станциялар және қондырғылар, 12 атм дейінгі қысыммен өнімділігі минутына 50 текше метрден астам	5,5
69 Турбокомпрессорлар, газ үрлегіштер, фреонды турбокомпрессорлық қондырғылар, аммиакты және пропан турбокомпрессорлық агрегаттар	4,0
70 Компрессорлар мен компрессорлық станциялар және жылжымалы және арнайы қондырғылар	14,3
71 Тілімшелі конвейерлер (қоректендіргіштер)	20,0
72 Таспалы конвейерлер	20,0
73 Роторлы қопарғыштар (тракторсыз)	16,7
74 Тракторы бар қопарғыш-жинағыштар	12,5
75 Копрлар	9,0
76 Жүзбелі копрлар	5,0
77 Шахта құдықтарын қазғыштар	12,5
78 Балдақ қаққыштар, жол бұрағыштары, гидравликалық үдеткіш аспаптар, тегістегіштер	24,7

Машиналардың атауы		Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
79	Битум қазандары, битум балқыту агрегаттары	50,0
80	Арналарды бетондауға арналған машиналар жиынтығы, арналарға арналған дірілді қалыптар	20,0
81	Бұта кескіштер	16,7
82	Мұнаралы крандар, жүк көтергіштігі 10 т-ға дейін	10,0
83	Мұнаралы крандар, жүк көтергіштігі 10-нан 25 т-ға дейін	7,7
84	Мұнаралы крандар, жүк көтергіштігі 25 т-дан астам	6,7
85	Тіреу мұнаралы крандар	6,7
86	Мосылық крандар	5,0
87	Пневмодөңгелекті жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 16 т-ға дейін	10,0
88	Пневмодөңгелекті жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 16 т-дан 40 т-ға дейін	7,7
89	Пневмодөңгелекті жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 40 т-дан астам	6,7
90	Автомобильдік жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 10 т-ға дейін	10,0
91	Автомобильдік жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 10-нан 25 т-ға дейін	7,7
92	Автомобильдік типті арнайы шассидегі крандар, жүк көтергіштігі 40 т-ға дейін:	9,1
93	Автомобильдік типті арнайы шассидегі крандар, жүк көтергіштігі 40 т-дан астам:	6,7
94	Шынжыр табанды жүрістегі крандар, 40 т-ға дейін	9,1
95	Шынжыр табанды жүрістегі крандар, жүк көтергіштігі 40 т-дан астам	6,7
96	Радиодіңгектерді монтаждауға арналған тасымалданатын және сырғымалы крандар	40,0
97	Радиодіңгектерді монтаждауға арналған жебелі, порталды крандар, потралдар	5,0
98	Консольді және шлюзді, аспалы крандар, қиғаш тіреулі кран	5,0
99	Көпірлі крандар	5,0
100	Толық бұрылатын монтаждық крандар	10,0
101	Темір жол жүрісіндегі крандар	5,0
102	Жол төсегіш крандар	5,6
103	Трактор крандары	14,3
104	Градирияларды салуға арналған крандар	10,0
105	Кран-манипуляторлар	12,5
106	«Алаңнан» жұмыс істеген кезде байланыс желісінің тіректерін орнатуға арналған кран	12,5

Г.1-кестенің жалғасы

Машиналардың атауы	Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
107 Шахталық, ұңғылау шығырлары	25,0
108 Жетекті, қол, электр шығырлар	16,7
109 Өздігінен көтерілетін электр бесіктер	16,7
110 Монтаждық дінгектер	14,3
111 Тас жинайтын машиналар	14,3
112 Ағаш отырғызатын машиналар	12,5
113 Алдыңғы жаңбырлатқыш машина	8,3
114 Гидрожетегі бар дөңгелек типті жаңбырлатқыш машиналар (типі «Фрегат»)	10,0
115 Жаңбырлатқыш машина (дөңгелекті құбыр)	12,5
116 Топырақты ұсақтауға және араластыруға арналған машиналар; қиыршық тас пен қиыршық тасты бөлгіштер	13,0
117 Таңбалау машиналары	10,0
118 «Алаңнан» жұмыс істеген кезде байланыс желісін монтаждауға арналған машиналар	20,0
119 «Жолдан» жұмыс істеген кезде байланыс желісін монтаждауға арналған машиналар	20,0
120 Топырақ төсемінің еңістерін жабындай отырып, гидросебіндімен нығайтуға арналған машиналар, шөп егуге арналған агрегаттар	20,0
121 Шпал қағатын, түзету-қағу-тегістеу машиналары	6,7
122 Жол тегістеу, түзету-қағу-өңдеу машиналары	5,6
123 Анкерлерді бұрауға арналған машиналар	15,4
124 Қарнақты дизельді қадалы балғалар	25,0
125 Дизельді құбырлы балғалар	20,0
126 Қарапайым және қос әрекетті гидравликалық балғалар	25,0
127 Мототасығыштар	4,8
128 Мототасығыштар-электр станциялары	6,1
129 Мотор платформалары	5,6
130 Құбырларды тазалауға, кептіруге және оқшаулауға арналған машиналар мен жабдықтар	33,3
131 Вакуумдық сорғылар және олардың базасындағы агрегаттар, вакуумдық қондырғылар	10,0
132 Топырақты жууға арналған сорғы, балшық сорғысы	20,0
133 Суды төмендетуге және су төгуге арналған сорғы	12,5
134 Аспалы, тіркемелі, жылжымалы сорғы станциялары	11,1
135 Топырақты гидравликалық игеруге және су төгуге арналған сорғы қондырғылары; скреперлік қондырғылар	12,5
136 Жүзбелі сорғы станциялары	10,0

Г.1-кестенің жалғасы

	Машиналардың атауы	Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
137	Құбырларды осьтес орталықтандыруға арналған жабдық (орталықтандырғыштар)	25,0
138	Жылжымалы қалып	22,0
139	Бүріккіштер, тозаңдатқыштар	16,7
140	Бу түзгіштер; жол фрезерлері (тракторларсыз); жер қазу-фрезерлік жабдықтар	20,0
141	Жылыту пештері, көрік	10,0
142	Өрім тасығыштар, батпақта жүргіштер	20,0
143	Байланыс сымын жаюға арналған платформалар	3,0
144	Тар жолтабанды, роликті тасымалдаушы бар кең табанды платформала, 80 т-ға дейін	3,1
145	Кең жолтабанды платформалар, 80 т-дан астам	6,7
146	Шынжыр табанды және пневмодөңгелекті бір шөмішті тиегіштер, жүк көтергіштігі 10 т-ға дейін:	12,5
147	Шынжыр табанды және пневмодөңгелекті бір шөмішті тиегіштер, жүк көтергіштігі 10 т-дан астам:	10,0
148	Көтергіштер	20,0
149	Скипті көтергіштер	25,0
150	Өздігінен жүретін мінбелер	14,3
151	Өздігінен көтерілетін мінбелер	19,0
152	Суғару-жуу машиналары	11,1
153	Сыпыру-жинау машиналары	12,5
154	Ауыр жүк таситын жартылай тіркемелер, жүк көтергіштігі 100 т-ға дейін	8,3
155	Ауыр жүк таситын жартылай тіркемелер, жүк көтергіштігі 100 т-дан астам	6,7
156	Понтоңдар, жүзбелі алаңдар	10,0
157	Ағынды желілер және рельстік буындарды құрастыруға және бөлшектеуге арналған машиналар	8,3
158	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер, жүк көтергіштігі 8 т-ға дейін	12,5
159	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер, жүк көтергіштігі 8 т-дан астам	10,0
160	Өзі аударғыш тіркемелер	14,3
161	Трактор тіркемелері мен арбалары	12,5
162	Жол көтергіштер	5,9
163	Кең жолтабанды жол төсегіштер	5,6
164	Тар жолтабанды жол төсегіштер	8,3
165	Рельс түзететін баспақтар	5,0

Г.1-кестенің жалғасы

Машиналардың атауы	Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
166 Рельс кесетін станок, шпал қаққыш, жол кілттері, темір жолдардың түйіспелері мен саңылауларын реттеуге арналған бұрандалы аспаптар, жол домкраттары	11,1
167 Рельс дәнекерлеу агрегаттары	10,0
168 Скреперлер	10,0
169 Қар тазалағыштар	8,3
170 Арнайы машиналар	10,0
171 Жерасты тау-кен жұмыстарында ұңғымаларды бұрғылауға арналған станоктар	25,0
172 Құбырларды июге арналған станоктар	12,5
173 Бұрғылау-тегістеу станоктары	8,3
174 Жол жонғылары	3,0
175 Қол және электр тальдары, тельферлер	14,3
176 Маневрлік тепловоздар, қуаты 550 кВт және одан жоғары	5,0
177 Маневрлік тепловоздар, қуаты 550 кВт-тан төмен	6,6
178 Орман техникалық тракторлар	20,0
179 Тракторлар, қозғалтқыш қуаты 180 а.к. дейін.	12,5
180 Тракторлар, қозғалтқыш қуаты 180 а.к. жоғары.	10,0
181 Трактор базасындағы таптауыштар, тракторлар базасындағы жоспарлаушылар	6,7
182 Құбыр төсегіштер	10,0
183 Құбыр дәнекерлеу базалары және далалық автожуу қондырғылары	16,7
184 Битум, беттік-белсенді қоспаларды дайындауға арналған қондырғылар	10,0
185 Әмбебап жүзбелі гидромониторлы-эжекторлы снарядтар	8,3
186 Ұңғылау қалқандары	25,0
187 Бір шөмішті экскаваторлар, негізгі шөмішінің сыйымдылығы 0,4 м3-ге дейін	12,5
188 Бір шөмішті экскаваторлар, негізгі шөмішінің сыйымдылығы 0,4-тен 0,8 м3-ге дейін	11,1
189 Бір шөмішті экскаваторлар, негізгі шөмішінің сыйымдылығы 0,8-ден 1,25 м3-ге дейін	9,1
190 Бір шөмішті экскаваторлар, негізгі шөмішінің сыйымдылығы 1,25 м3-ден астам	7,7
191 Бір шөмішті экскаваторлар, шөмішінің сыйымдылығы 3,0-ден 13,0 м3-ге дейін	5,7
192 Бір шөмішті экскаваторлар, шөмішінің сыйымдылығы 13-тен 40 м3-ге дейін	4,0
193 Жерасты экскаваторлары	25,0

Г.1-кестенің жалғасы

Машиналардың атауы	Амортизациялық аударымдардың нормасы, %
194 Қашыртқы салғыш, жоспарлауыш эксковаторлар, трактордағы екі барлы қондырғылар, орларды әзірлеуге арналған агрегаттар	16,7
195 Шынжырлы экскаваторлар	12,5
196 Тереңдігі 1,6 м-ге дейінгі орларды ашуға арналған роторлы экскаваторлар	12,5
197 Тереңдігі 2,0-2,5 м орларды ашуға арналған роторлы экскаваторлар	10,0
198 Трактор базасындағы экскаваторлар, трактордағы үңгілеп кәріздеу машиналары	11,1
199 Жылжымалы электр станциялары	12,5
200 Магистральдық құбырларды салу кезіндегі жылжымалы электр станциялары	14,3
201 Вагондағы электр станциялары	5,5

Құрылыс машиналары мен автокөлік құралдары жұмысының жылдық режимінің көрсеткіштері

Машиналардың атауы		Машиналардың жылдық жұмыс тәртібі (Т), маш.-сағ аймақтар үшін			
		II	III	IV	V
1	2	3	4	5	6
1	Автогрейдерлер	1 800	1 500	1 275	1 200
2	Автокөлік құралдары	2 760	2 300	2 185	2 070
3	Асфальт төсегіштер	2 250	1 500	1 275	1 200
4	Бульдозерлер	2 760	2 300	1 955	1 840
5	Бұрғылау-кран машиналары	3 450	2 300	2 185	2 070
6	Дизель балғалары, копрлер	3 450	2 300	2 185	2 070
7	Өздігінен жүретін катоктар	2 250	1 500	1 275	1 200
8	Автомобильдік жүрістегі крандар	2 760	2 300	2 185	2 070
9	Мұнаралы крандар	3 120	2 600	2 470	2 340
10	Шынжыр табанды жүрістегі крандар	2 760	2 300	2 185	2 070
11	Пневмодөңгелекті жүрістегі және автомобильдік типтегі арнайы шассидегі крандар	2 760	2 300	2 185	2 070
12	Тиегіштер	2 760	2 300	2 185	2 070
13	Көтергіштер	2 760	2 300	2 185	2 070
14	Өзге де машиналар	2 760	2 300	2 185	2 070
15	Скреперлер	1 800	1 500	1 275	1 200
16	Құбыр төсегіштер	2 760	2 300	2 185	2 070
17	Бір шөмішті экскаваторлар, шөмішінің сыйымдылығы 0,25 текше м	2 400	2 000	1 700	1 600
18	Бір шөмішті экскаваторлар, шөмішінің сыйымдылығы 0,25 текше м-ден астам	2 760	2 300	1 955	1 840
19	Көп шөмішті экскаваторлар	2 760	2 300	1 955	1 840

Машиналарды жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған жылдық шығындардың нормалары

	Машиналардың атауы	Шығындар нормасы, пайыз/жыл
1	2	3
1	Автогрейдерлер	15
2	Мұнара крандары, мосылық крандар	9
3	Бульдозерлер	19
4	Автомобильдік жүрістегі крандар	12
5	Шынжыр табанды жүрістегі крандар	10
6	Пневмодөңгелекті жүрістегі крандар	10
7	Тиегіштер	16
8	Іштен жану қозғалтқыштары бар тіркеме машиналар (компрессорлар, жылжымалы электр станциялары, сутөкпе агрегаттары және т. б.)	11
9	Қол машиналары (шығырлар, домкраттар, тальдар және т. б.)	7
10	Іштен жану қозғалтқыштары бар өздігінен жүретін машиналар (бұрғылау және қада қағу техникасы, автогудронаторлар, автокөлік құралдары және т. б.)	14
11	Скреперлер	19
12	Электр жетегі бар стационарлық машиналар (бетон және ерітінді араластырғыштар, сылақ станциялары, бояу агрегаттары және т. б.)	8
13	Экскаваторлар	15

Тез тозатын бөліктердің нормативтік ресурсы (қызмет ету мерзімі)

Тез тозатын бөліктердің түрлері		Қызмет мерзімі, маш.- сағ
1	2	3
1	Иілгіш электр кабелі:	
	мосылық крандар	4500
	мұнаралы крандар	5000
	электр экскаваторлары	9000
2	Жүк көтергіш машиналардың болат арқандары (тростар):	
	вант	5000
	көтергіш	1500
	жебелі-көтергіш	3000
3	Бір шөмішті экскаваторлардың болат арқандары (тростар):	
	шөміш үшін аударылатын және тартылатын	700
	көтергіш	500
	жебелі-көтергіш	1800
	тартқыш	700
4	Скреперлердің болат арқандары (тростар)	500
5	Таспалы тасымалдағыштар	2800
6	Сына тәрізді жетек белдіктері	5000
7	Сорғы жеңдері	3000
8	Болат аударылатын және тартылатын шынжырлар	650
9	Келесілерге арналған шлангілер:	
	бояу пульттері мен ерітінді сорғылары	1900
	кұм ағынды аппараттар мен пневматикалық құралдар	1200
